

## СПОРТШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Ұлттық олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкинді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық құраманың Париж Олимпиадасына әзірлігі жөнінде мәлімет берілді.

Геннадий Головкин ұйымның халықаралық бағыттағы қызметін үйлестіру шаралары, сондай-ақ салалық білім беру жобалары туралы баяндады. Оның айтуынша, ҰОК Халықаралық Олимпиада комитетімен, Азия Олимпиада комитетімен және басқа елдердің осындай құрылымдарымен байланысты жандандырып жатыр. Сонымен қатар Ұлттық олимпиада комитеті спортшылардың құқығын қорғауға бағытталған жобаларға баса мән беріп келеді.

## ҚҰРДЫМҒА КЕТКЕН ҚҰБЫРЛАР



Үкімет 2025 жылдың соңына дейін бүкіл Қазақстанды 100% ауызсумен қамтимыз деп отыр. Бұл – Мемлекет басшысының берген тапсырмасы. Оған 1,5 жыл қалды, ендеше оны орындау қаншалықты мүмкін? Онсыз да елімізде ақшасы талан-таражға түсіп, қаңырап қалған жоба көп. Құмға сіңген ауызсу бағдарламаларының сұрауы кімнен?

### ҮКІМЕТТІҢ ЕСЕБІ ТҮЗУ

Бытырғы жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан қалаларында сумен жабдықтау қызметтері 98,9% қолжетімді болған екен. Ал ауылдық елді мекендердің тұрғындары 96,6%-ға ауызсумен қамтамасыз етілген. Бұл ретте 9 өңірде

қала халқы 100% қамтылған. Олар – батыс-оңтүстік өңірлер мен Ұлытау, Солтүстік Қазақстан облыстары. Ең төменгі деңгей Абай және Павлодар облыстарында байқалады. Сондықтан да көрсеткіштері төмен өңірлерге басым негізде қаражат бөлінбек.

Биыл сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуға және реконструкциялауға республикалық бюджеттен 324 жоба үшін 218 млрд теңге қарастырылған екен. Оның 106 млрд теңгесі қалалардағы, ал 112 млрд теңгесі ауылдардағы жобаларды іске асыруға бөлінбек. Үкіметтің келтіріп отырған мәліметтері осындай. Оған қарасақ, сумен қамтуға 2025 жылдың соңына дейін толық қол жеткізуге болатын сияқты.

» 4

## АҚТАУДАҒЫ АЛАМАН ДОДА



Ақтауда «AMANAT» партиясының қолдауымен Маңғыстау облысы әкімдігі ұйымдастырған Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрында республикалық командалық айтыс өтті. Аламан додада Маңғыстау және Атырау облыстарының ақындары мен дәстүрлі өнер өкілдері бақ сынады.

## БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫ АЗАЯР ЕМЕС



Бүгінде кәмелет жасқа толмай жатып қылмыс жасайтын жасөспірімдер саны артқан. Олардың өмірге деген көзқарасы қалыптасып үлгермей, болашағына балта шабылуда. Әрине, бұл мәселенің бір ұшы ата-ананың бала тәрбиесіне салғырт қарауымен байланысты.

## Бизнес пен ҒАЛЫМ ДОС БОЛСА...



Ұлттық ғылым академиясы қайта құрылып, терең реформаны бастан өткізіп жатыр. Оған елімізде ешбір ұйымда жоқ ерекше мәртебе берілді. Сондай-ақ өткен ғасырдың соңынан бері өзін-өзі қамтамасыз етуге жіберілген, біраз талауға ұшыраған ҰҒА қайтадан мемлекеттің қарауы мен қамқорлығына алынып, тікелей республикалық бюджеттен қаржыландырыла бастады. Жуырда, 1 шілдеде Мемлекет басшысы академияға, жалпы ғылымға қатысты жаңа заңдар топтамасына қол қойды, ол нендей жаңашылдық, тағы қандай тың өзгерістер әкелмек?

» 5

## САЯЛЫ МА, СУБҰРҚАҚТЫҢ АЯСЫ?



Жаздың жаймашуақ күндерінде шаһардың шырайын келтіріп, мегаполис көшелері мен саябақтарына өзінше сән беріп тұратын субұрқақтар іске қосылып, тұрғындарға жайлылық сыйлайды.

» 3

## ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ: 80 СПОРТШЫ СЫҢҒА ТҮСЕДІ



10 күннен соң Париж Олимпиадасы басталады. Бүгінге дейін Олимпиадаға іріктеу турнирлері мен жарыс қарсаңындағы әлемдік додалар тегіс аяқталды. Қазақстан құрамасының еншісінде 92 жолдама бар.

» 8



Аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын елдегі жердің шамамен 74%-ы ауыл шаруашылығы үшін жарамды. Қазақстан жан басына шаққанда егістік жер көлемі бойынша әлемде екінші орында тұр. Ауылдық жерлерде халықтың 42%-ға жуығы тұрады. Ауыл шаруашылығында 1,5 миллионға жуық адам жұмыс істейді, бұл сала жұмыспен қамтылғандар саны бойынша саудадан кейін екінші орында.

Агроөнеркәсіптік кешен Қазақстанның негізгі салаларының бірі болып табылады. Қазақстанда өнім шығару көлемі жыл сайын артып келеді. 2023 жылдың ақпан айындағы келелі кездесуде Президент 2022 жылғы ауыл шаруашылығы саласындағы өсім 9,1 пайызды құрағанын атап өтті. Оның айтуынша, егін бітік шығып, дикандар 23 миллион тоннаға жуық астық жинаған. Сондай-ақ егіс алқаптарын әртарапандыру және мол өнім беретін дақылдар өсіруге көшу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Майлы дақылдар өсіретін егіс көлемі шамамен 4 есе ұлғайып, 3,5 миллион гектарға жетті. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл оң нәтижеге күнделікті еселі еңбегімен еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға зор үлес қосып жүрген ауыл азаматтарының арқасында жетіп отырмыз.

Ал 2023 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 8,3 трлн теңгені құраған. Агроөнеркәсіптік кешеннің қазақстандық өнімі ішкі нарықта ғана емес, сыртқы нарықта да сұранысқа ие. Қазақстанның ауыл шаруашылығы тауарларын негізгі сатып алушылары ЕАЭО, Қытай және Иран елдері болып табылады. 2023 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсуі 10,3%-ға жетіп, 981,1 млрд теңгені құрады.

Мемлекет республикалық және жергілікті атқарушы деңгейде елде бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау жолымен осы саланы дамыту үшін жағдайлар жасайды. Инвесторларға жеңілдетілген несиелік шарттары, кедендік баждар, салықтық жеңілдіктер және заттай гранттар ұсынылады.

## АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН БІРТІНДЕП ДАМЫП КЕЛЕДІ



Бытырғы жылдың сәуір айында сол кездегі Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуы барысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды іске асыру жөніндегі шаралар қаралып, онда АӨК-ті дамыту жөніндегі жұмыс жоспарлары туралы сол кездегі Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы Ербол Қарашөкеев баяндаған еді. Ербол Қарашөкеевтің сөзінше, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі бірқатар жүйелі және жедел шара қабылдап, жалпы 2023-2026 жылдары 2,6 трлн теңге сомаға 700 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Бұл ретте сүт, құс еті, көкөністер импортын алмастыру жөніндегі ірі

өнеркәсіптік инвестициялық жобаларды Солтүстік Қазақстан облысының табысты тәжірибесін тираждау есебінен іске асыру жоспарлануда. Ол облыс әкімдіктеріне 10 жыл мерзімге агроөнеркәсіп кешені субъектілерін сенім білдірілген агент арқылы одан әрі кредит беру үшін мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу арқылы айқындалатын жеңілдетілген қайтарымды бюджеттік кредит (0,01% мөлшерлеме) бөлуді көздейді.

«Өз кезегінде агроөнеркәсіп кешені субъектілері үшін кредиттер негізгі борыш пен сыйақы бойынша жеңілдікті кезеңмен жылдық 2,5 пайызбен 10 жылға дейін берілетін болады. Биыл осы мақсаттарға 100 млрд теңге бөлінді, соның есебінен шамамен 65 тауарлық сүт фермаларының құрылысы қаржыландырылатын болады, бұл сүт өндіру көлемін кемінде 373 мың тоннаға арттыруға мүмкіндік береді», — деген еді сонда Ербол Қарашөкеев.

Сонымен қатар сақтау инфрақұрылымын құру және көкөніс сақтау орындарының тапшылығын азайту мақсатында Көкөніс сақтау орындарын салу және жаңғырту жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру жалғасып келеді. 2025 жылдың соңына дейін жалпы сыйымдылығы 135 мың тонна көкөніс сақтау орны іске қосылады. Сондай-ақ оның мәлімдеуінше, «Аманат» партиясының жанынан «Ауыл Аманаты» арнайы жобалық кеңсесі құрылған, ол Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, ауыл халқының табысын арттыру бағдарламасының сапалы іске асырылуын бақылап, қадағалайтын болады.

Жалпы, 2021 жылғы есеп бойынша азық-түлік қауіпсіздігі индексі бойынша (The Global Food Security Index) Қазақстан 50-орында тұр. Алғашқы үштікке кіретін елдер: Сингапур, Ирландия және Ұлыбритания. 2019 жылы күнделікті өмірде тұтынылатын азық-түлік тауарларының 29 түрінің ішінен 23-ін ішкі өндіріс 80%-ға, тіпті одан да көп мөлшерде қамтамасыз етті.

Анарис АҚЫЛМАН

«Жастар таза Қазақстан үшін!» акциясына қолдау білдірді. Оған бірінші болып Теміртау экобелсенділері қатысты. 100-ден астам ерікті, «Жасыл ел» еңбек жасағының жауынгерлері, КВН командаларының қатысушылары, спортшылар, сондай-ақ ҚХА жастар қанатының өкілдері қалалық «Металлург» стадионының аумағын тазалады. Олар басқаларға үлгі бола отырып, экология мәселелеріне назар аударып, Теміртаудағы қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуды көздеп отыр.

## АКЦИЯҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ



— Біздің басты міндетіміз — жастарды экологиялық бастамаларға тарту және ауқымды акцияны белсенді қолдау. Стадионда күн сайын жаттығулар, командалық ойындар өтеді. Street Workout-ойын алаңы кешке спорттың көптеген жанкүйерлерін жинайды. Бүгін біз спортшылар дәл осы жерді тазалауды тандағанымыз да бекер емес. Тұрғындарды тазалықты қадағалап, спортпен шұғылдануға шақырамыз, — дейді «Тау» спорт клубының еркін күрес бойынша жаттықтырушы-оқытушысы Максим Самцов.

Акцияға қатысушылар санитарлық тазарту аумағын кеңейтеміз деп уәде берді.

— Біздің жастар қозғалысы әрқашан эко бастамаларға қатысады. Біз жастардың тазалық пен қоршаған ортаны қорғауға деген ұмтылысы қалай қалыптасатынын көреміз. Әрі қарай біз бұл игі істі жалғастырамыз! Тұрғындарды бізге қосылуға шақырамыз, — дейді Теміртау қаласының Жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Руслан Қожекенов.

## «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»: ДОЛЛАРМЕН САҚТАЛАДЫ

Қазір доллардың теңгеге қатысты бағамы құбылып тұр. Бұл Ұлттық қордың инвестициялық кірісіне әсер етіп, жыл қорытындысы бойынша балалар шотына түсетін қаражат көлемін өзгертуі мүмкін бе?

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов «Ұлттық қор – балаларға» жобасының жинақтары доллармен сақталатындықтан валюта бағамының бағдарламаға әсері болмайтынын айтты.

— Біріншіден, Ұлттық қордың кірістілігі қазір өте жақсы. Жарты жылдың ішінде 2,3 млрд доллар тапты. Дәл қазір 4,5 пайыз кірістілікпен 3 млрд долларға жуық табыс тауып отырмыз. Жалпы, Ұлттық қордың бүкіл тарихын алып қарасақ, орташа табыстылығы 3 пайыздан сәл артық. Ал биылғы жарты жылда кірістілік 4,5 пайыз шамасында болып тұр. Екіншіден, «Ұлттық қор – балаларға» жобасының жинақтары доллармен сақталып, доллармен инвестицияланады. Сондықтан әзірге бізге валюта бағамының қандай болатынында айырмашылық жоқ. Келер жылдың басында бағам қандай болатынын қарау керек. Өйткені биылғы инвестициялық кірістің тең жартысы бала шоттарына сол кездегі теңге бағамы бойынша таратылады. Бұл номиналды аударым екенін түсіну керек. Өйткені 18-ге толмаған балалардың шотындағы ақшаны көбейте түсу үшін басқара береміз. Дәл қазір бағамның құбылуына мән бермеген болар едім. Үкімет бюджетке доллар бағамын 460 теңге деп салды. Ал ол нақты нарықта 440 теңгеге дейін түсіп, кейін 480 теңгеге дейін көтерілді. Яғни, әуелі 4 пайыз төмен кетіп, кейін 4 пайыз көтерілді. Қазір 460-470 теңгенің дәлізіне біртіндеп келе жатырмыз. Мұндай құбылуға мен мән бермес едім, — деді ол.

Ұлттық банк төрағасының пайымынша, бұл мәселеде ұзақ мерзімдегі кірістілікке қараған дұрыс.

— Мысалы, өз басыма ата-ана ретінде Ұлттық қордың ұзақ мерзімде дұрыс басқарылғаны, ұзақ мерзімдегі кірістілігі маңызды. Ал валюта бағамының бір айдың ішінде ары-бері құбылуы — нарықтың заңдылығы. Бұған бой үйрету керек. Өйткені төменге қарай құбылу болмаса,



жоғары қарай құбылу да болмайды. Бәріміз баламыз 18-ге толғанда жақсы ақша алу үшін кірістілік жоғары болғанын қалаймыз. Сондықтан валюта бағамына қатты мән бермеңіздер. Қалай болғанда да біз Ұлттық қорды доллармен сақтап, басқарып отырмыз. Ең бастысы, төлем жасалған кезде бағам қандай болғанын қарау керек, — деді Тимур Сүлейменов.

## ЗАҢСЫЗ ЕСЕПКЕ ҚОЮМЕН АЙНАЛЫСҚАН

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Астанадағы Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлеріне қатысты сот тергеуінің аяқталғанын хабарлады.

«460-тан аса автокөлікті заңсыз есепке қоюмен айналысқан ҰҚТ мүшелеріне — елордалық Мамандандырылған ХҚҚО қызметкерлеріне, полиция қызметкерлеріне және азаматтық тұлғаларға (12 адам 3,5 жылдан 9 жылға дейін бас бостандығынан айырылды, 3 адам 2,5 жылға бас бостандығынан айырылды) қатысты үкім шығарылды», — делінген хабарламада.

Мемлекетке келтірген жалпы шығын 1,2 миллиард теңге болған.

Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына және Қылмыстық-процестік кодекстің 19-бабы 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқықбұзушылық жасаудағы кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін әрбір адам кінәсіз деп есептеледі.



Оймақтай ой

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ СҮЛУЛЫҒЫНА ЕШТЕҢЕ ТЕҢ КЕЛМЕЙДІ

Telegram мессенджерінің негізін қалаушы, кәсіпкер Павел Дуров Astana Hub IT-старттаптар халықаралық технопаркнің кеңсесіне келген сапарында Қазақстанды аралап, еліміздің көрікті жерлеріне барған. Ол Telegram парақшасында еліміздің көз тартар тамаша табиғатын бейнелейтін суреттер жариялап, сапар туралы әсерлерімен бөлісті.

— Жакында Орталық Азияның экономикалық қуатты орталығы — Қазақстаннан оралдым. Айбынды Астанада, жарқ-жүркі еткен Алматыда, көркем Бурабайда және табиғаты тамаша Шарын шатқалында болдым. Қазақстанның сұлулығынан оның амбициялары ғана асып түсе алады. Ел бизнеске жайлы саясаты мен қолайлы салғы арқылы халықаралық компаниялар мен технологиялық стартаптарды өзіне тартады. Ол сондай-ақ инновациялық мектептер мен университеттерді қолдау арқылы білім мен ғылымдағы жетістіктерін еселеп отыр, — деп жазды.

Сонымен қатар ол Қазақстан халқының коммуникация алаңы ретінде Telegram-ды тандағанын атап өтті. Қазақстандағы адами капитал, институционалды реформалар, іскерлік ахуал туралы ойын да жазды. Оның айтуынша, 20 млн қазақстандықтың 12,5 миллионы ай сайын Telegram қолданады. Бұл бытырғымен салыстырғанда 25%-ға көп.

— Біз қазақ халқының негізгі коммуникациялық алаңы бола алғанымызды мақтан етеміз және оның жылдам экономикалық және цифрлық трансформациясын жеделдететін құрал болып қала береміз деген үміттеміз, — деді бизнесмен. Ал Павел Дуровтың криптовалюта Topcoin-ды «Астана» халықаралық қаржы орталығы лицензиясы бар платформаларда сауда жасау үшін мақұлдады.





## Қаржылық сауаттылық: негізгі бағыттар



- 1 Табыс табу
- 2 Үнемдеу
- 3 Тұтыну
- 4 Қарыз
- 5 Инвестиция
- 6 Сақтандыру



## 80 МЫҢ АДАМ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРДЫ

Кеше Астанада мектептердің мұғалімдері және колледждер мен университеттердің оқытушылары біліктілікті арттыру курстарынан өту үшін жиналды. Олардың барлығы – «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» қаржылық сауаттылығын арттыру жобасының болашақ тренерлері.

10 млн жұмыс істейтін қазақстандықтардың 9 млн-да несиесі бар, ал тізілімдегі борышкерлердің жалпы саны 3,4 млн адамды құрайды. Тұтынушылық несиелердің жалпы көлемі 5 трлн теңгеге өсіп, 2023 жылы 18,2 трлн теңгеге жетті, бұл елдің жылдық бюджетінің 75%-на тең. Сарапшылардың бағалауы бойынша елдегі барлық студенттің 80%-ында несиесі бар. Партия хатшысы Эльдар Жұмағазиевтің айтуынша, халықты несиелендіру мәселесін жүйелі түрде шешу үшін білім беру мекемелерінің бағдарламасын қайта қараудан бастау керек. «Өздерің білетіндей, партия «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыру жөнінде тың бастама көтерді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев оны қолдап, оның ауқымын жалпыхалықтық деңгейге шығаруды тапсырды. Бұл жұмысқа Үкімет пен Ұлттық банк қосылды. «Қарызсыз қоғам» жобасы қарызға белшеден батып, үмітін үзгендерге нақты қолдау көрсетеді. Жоба қолда бар қаражатқа өмір сүруге, қажетсіз несиеден бас тартуға үйретеді. Барлық аймақтағы азаматтар бұл жобаға қолдау білдіріп, оны жалғастыруды сұрап отыр», — деді ол.

Партия хатшысы 2024 жылы барлығы 100 мың студент пен 450 мың оқушы қаржылық сауаттылық бойынша білім алатынын атап өтті. Қосымша 200 мың

адам оқу курстарынан өтеді. Осылайша, жобамен 750 мың адам қамтылады. Биылғы жылы 80 мыңнан астам адам қаржылық сауаттылық бойынша оқудан өтті.

Сонымен қатар қазір оқушылар «Жаһандық құзыреттілік» пәні арқылы қаржы саласы туралы жаңа білім алуа. Ол үнемі ата-аналар қауымдастығының, сарапшылардың және мектеп оқушыларының сынына ұшырап келеді. Мәселені терең зерттеу үшін осы жылдың 1-5 сәуірі аралығында арнайы сауалнама жүргізілді. Зерттеуге «жаһандық құзыреттілік» пәні бойынша қаржылық сауаттылықтан сабақ беретін педагогтер, сондай-ақ оқушылар мен олардың ата-аналары қатысты. Респонденттердің жалпы саны 500 мыңнан асты.

«Әр бесінші оқушы «Жаһандық құзыреттілік» сабағы қызықтырмайтынын айтты. Оның бірнеше себебі бар: пән кестеде 7-ші немесе 8-ші сабақ ретінде тұр, тақырыптар мүлдем қызықсыз, ал интернеттегі материал керісінше қызықты. Сонымен қатар осы пән бойынша сабақ беретін мұғалімдері жоқ. Сабақты тарих, көркем еңбек, денешынықтыру және қазақ тілі мұғалімдері жүргізеді. Соған қарамастан сауалнамаға қатысқан оқушылардың 60%-ы қаржылық сауаттылықтың маңызын атап өтті. Ата-аналар

да олармен келіседі. Респонденттердің 78%-ы балалары қаржылық сауаттылықты зерттеуге ниетті екенін жеткізді», — деді Эльдар Жұмағазиев.

«Қарызсыз қоғам» жобасы былтырғы жылдың 2 мамырында Halyk bank қолдауымен пилоттық режимде басталды. Жобаны іске асыру барысында 150 мыңға жуық адам оқудан өтті. Сарапшылардың дәрістерінен басқа, жобаға қатысушылар ebek.kz порталына тіркелуден бастап сұрақтардың кең ауқымы бойынша және соттан тыс банкроттық сүйемелдегенге дейін ЖК ашу, берешекті өтеу кестесін жасау бойынша кеңес алады. Сондай-ақ оқу процесінде қатысушыларға адвокаттардың көмегіне кепілдік беріледі. Олар әр қарыз алушының несиелік тарихын жеке зерттейді және қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша практикалық кеңестер береді.

Айта кету керек, былл жобаны іске асыруға 12 коммерциялық банк пен 11 мемлекеттік орган қатысады. Тілек білдірушілерге ыңғайлы болу үшін qogamfn.kz онлайн-платформасы әзірленді. Сайт арқылы оқуға жазылуға, пайдалы материалдар мен бейне сабақтарды жүктеп алуға болады. Оқыту 50 адамға дейінгі топтарда күндізгі форматта өтеді. Сабақтың ұзақтығы — 5 жұмыс күні.

## АҚТАУДАҒЫ АЛАМАН ДОДА

Ақтауда «AMANAT» партиясының қолдауымен Маңғыстау облысы әкімдігі ұйымдастырған Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрында республикалық командалық айтыс өтті. Аламан додада Маңғыстау және Атырау облыстарының ақындары мен дәстүрлі өнер өкілдері бақ сынады.



Ауқымды республикалық мегажобаның алғашқы кезеңі 20 команданың қатысуымен өтіп, үздік 10 команда анықталды. Екінші кезеңде 10 команданың ішінен 4 мықты команда келесі кезеңге жолдама алады. Үшінші кезеңде анықталған 2 команда 2025 жылы Астана қаласында өтетін ақтық сайысқа қатысады.

Аламан айтысы елімізге белгілі айтыскер ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай жүргізді.

«Айтыс — шешендік өнердің баға жетпес мұрасы. Келелі сөз бен кестелі ойды өлеңмен жеткізіп, көпшілікке рухани кеш сыйлаған жыр сұлейлеріне алғыс айтамын. Республикалық командалық айтыстың алғашқы додасы Қызылорда қаласында басталып, кейін Түркістан мен Жезқазған қалаларында жалғасын тапты. Бүгінде Маңғыстау төріндегі аламан айтыс та көптің көңілінен шықты деген үміттемін», — деді ол.

Айтыс шарты бойынша әр командада төрт айтыс ақыны, бір термеші, бір жыршы, бір дәстүрлі әнші және бір күйші болуға тиіс. Ақындар айтыстың түре, сүре, кайым, өтірік өлең айтысы түрлерінен сыңға түседі.



Жүйрік тілді командалық ақындар айтысында дүбірлі топты жарып, республикалық командалық айтыста Маңғыстау облысының ақындары 187 ұпаймен басым түсіп жолдама иеленді.

Командалық айтысқа Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Отан» орденінің иегері Жүрсін Ерман бастаған қазылар алқасы баға берді.

Өнер бәсекесін «AMANAT» партиясы Саяси жұмыс департаментінің директоры Еркебұлан Жаулыбаев, Маңғыстау облысының әкімінің орынбасары Тілеген Әбішев, басқарма, департамент басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, өнер ұжымдары, азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері, жалпы көпшілік тамашалады.


## САЯЛЫ МА, СУБҰРҚАҚТЫҢ АЯСЫ?

Жаздың жаймашуақ күндерінде шаһардың шырайын келтіріп, мегаполис көшелері мен саябақтарына өзінше сән беріп тұратын субұрқақтар іске қосылып, тұрғындарға жайлылық сыйлайды. Ми қайнаған ыстықта қала тұрғындары мен қонақтары субұрқақты саялайтыны белгілі. Субұрқақ қаланың эстетикалық көрінісін жақсартып қана қоймай, климаттың тұрақтылығына әсер етеді. Дегенмен субұрқақтың пайдалы тұстары мол бола тұра, оның зардабына ұшырайтындар да жоқ емес. Дәлірек айтсақ, субұрқақ маңында көрсетілген ескерту тақтайшаларды елемей, өз басын қауіпке тігетіндер жиі ұшырасады. Ережеге бой бермеу мен жеке бастың қауіпсіздігіне жауапсыздықтың салдарынан қас-қағым сәтте өмірімен қош айтысқандар қаншама?! Таяуда Алматы қаласындағы университет маңында жас жігіттің субұрқаққа түсіп, нәтижесінде достарының көз алдында ақтық демі үзілгені көпке мәлім. Осыған ұқсас оқиғалар жаз маусымы басталысымен еліміз бойынша жиі қайталанатын жағдайлардың біріне айналды.

## Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

## ҮШ ТІЛДЕ ТИІСТІ ЕСКЕРТУ ЖАЗЫЛАДЫ

Бүгінде мегаполисте жалпы саны 150 субұрқақ бар. Оның ішінде 66 субұрқақ коммуналдық, ал 84-і жеке аумақта орналасқан. Мамыр айының алғашқы күнінен бастап іске қосылған субұрқақтарды тұрғындар таңғы 08.00-ден бастап түнгі 23.00-ге дейінгі уақыт аралығында тамашалап, бой сергіте алады. Қазір субұрқақтардың қауіпсіздігіне жауап беретін тиісті мекемелер сәтсіз оқиғалардың қайталануына жол бермеу үшін қандай міндеттерді жүзеге асырып отыр? Мамандар Алматы қаласындағы субұрқақтардың



матри каласының субұрқақ шаруашылығын ұстау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі Қағидаларына» сәйкес субұрқақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында адамдар мен жануарлардың шомылуына жол берілмейді. Бұл туралы мемлекеттік тілде, сондай-ақ орыс және ағылшын тілдерінде тиісті ескерту қалқандары орнатылады, — дейді Күмісбек Түсіпбекұлы.

Елімізде жұқпалы аурулардың таралуына тағы бір себеп — суы ауыспайтын субұрқақтар. Осы ретте субұрқақ арқылы көбіне қандай жұқпалы аурулар таралады? Оның шипасы бар ма деген сұрақ туындайды. Сауалдарымызға жауап берген Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлы биылғы жылы субұрқақта шомылумен байланысты жұқпалы аурулар тіркелмегенін жеткізді. Есесіне 2024 жылдың алғашқы жарты-жылдығында шаһарда жедел ішек инфекциясына қатысты 132 жағдай тіркелсе, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі 68,9 пайызды құрағаны анықталды. ЖИИ жұқтыру факторларының 56 пайызы тамақты дайындау және сақтау технологиясын бұза отырып үйде әзірленген тағамдарды тұтынуға қатысты болса, 23,4 пайызы жуылмаған көкөністер мен жемістерді жеу, ал 20,4 пайызы жеке гигиенаны сақтамаудың салдарынан туындайды.

Калалық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының айтуынша, аурудың берілу жолдары мен себеп-салдарын анықтау бойынша апта сайын мониторинг жүргізіледі. Эпидемиологиялық маусымда, яғни мамырдан қыркүйек айына дейін субұрқақтардың су сапасына зертханалық мониторинг ұйымдастырылып отырады. Тексеріс нәтижелеріне сүйенсек, мамыр айынан бері субұрқақтардан 125 су сынамасы алынып, олар энтеровирустық инфекциясы бойынша зерттелгені белгілі болды. Нәтижелері теріс.

— Субұрқақтағы су адамдардың шомылуына, жүзуіне арналмаған. Негізінен, олар ауаны ылғалдандыруға және аймаққа эстетикалық көрініс беру үшін орнатылған. Субұрқақтың суы жиі жанартылмайды, сондай-ақ субұрқақта әртүрлі инфекцияның қоздырғышын тасымалдайтын қаңғыбас иттер мен құстар шомылуы мүмкін. Одан өзге атмосфералық жауын-шашын мен шаңның қонуы әсер етеді. Тағы бір ескеретін маңызды жағдай, жаз мезгілінде ауа



температурасының жоғарылауына байланысты судағы микроорганизмдер тез көбейеді, — дейді СЭБ департаментінің басшысы.

## ПАРАЗИТТІК АУРУЛАРДЫ ЖҰҚЫТУ ҚАУІП ЖОҒАРЫ

Қасымхан Алпысбайұлы субұрқақта шомылған кезде бактериялық, вирустық және паразиттік ауруларды жұқтыру қауіпі жоғары болып келетінін атап өтті. Оның ішінде, конъюнктивит, гельминттік инвазия, жігі ішек инфекциясы, энтеровирустық, ротавирустық инфекциялар. А вирустық гепатиті сынды түрлі ауру бар. Департамент басшысы науқастарға емді медициналық ұйымның дәрігерлері тағайындайтынын, адамның өз бетімен емделуге болмайтынын ескертеді.

— А вирусты гепатитін алдын алудың ең тиімді тәсілі — вакцинация. ВГА-ға қарсы вакцинациялау 2 жастағы балаларға тұрғылықты мекенжайы бойынша медициналық ұйымда тегін жүргізіледі. Су, тамақ арқылы берілетін ауруларды алдын алу үшін қарапайым сақтық шараларын сақтау қажет. Тұрғындарға тек қана арнайы келісілген орындарда ғана шомылуға тиіс екенін ескертеміз. Адам шомылған кезде суды жұтпауға тырысканы жөн. Сондай-ақ балаларды ересектердің қарауына қалдырмауға, тек бөтелкедегі немесе қайнатылған суды ішуге, белгісіз су көздерінен, әсіресе санитариялық жағдайы нашар аймақтарда қайнатылмаған суды ішуден аулақ болуға шақырамыз, — деп сөзін түйіндеді Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық ба-

қылау департаментінің басшысы К. Алпысбайұлы.

## АЙЫНА БІР РЕТ ТАЗАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Жоғарыда аталған жұқпалы ауру түрлері кең таралмас үшін субұрқақ суының тазалығын бақылауда ұстау маңызды. «Қаладағы субұрқақтардың суын жиі ауыстырып отырасыздар ма?» деген сауалымызға Қалалық субұрқақтар шаруашылығын жүргізу бөлімінің басшысы төмендегідей ұн қатты:

— Коммуналдық субұрқақтарда бекітілген кесте бойынша арнайы тазалау құралдары мен реагенттердің қолдануымен айына бір рет тазалау жұмыстары жүргізіледі. Субұрқақ суының ластануына байланысты кейбір субұрқақтарда айына екі-үш рет тазалау жұмыстары ұйымдастырылады, — дейді К. Түсіпбекұлы.

Бұл коммуналдық субұрқақтардың ластануын, жұқпалы аурулардың таралуын алдын алуға бағытталған тазалық жұмыстарының бір бөлігі ғана. Одан бөлек, жеке аумақта орналасқан 80-нен астам субұрқақтың қазіргі ахуалы қалай?..

Алматыдай алып шаһардың субұрқақтармен көптеп толығуы — қала әсемдігі мен аптап ыстықта ауаны ылғалдандыру үшін тиімді екенін жоғарыда атап өттік. Алайда жаздың сәніне айналған субұрқақтарды пайдалануда ата-аналар жеке басының және балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алса, әрбір азамат жауапкершілікті сезінсе екен дейміз.

Алматы қаласы



# ҚҰРДЫМҒА КЕТКЕН ҚҰБЫРЛАР

**Үкімет 2025 жылдың соңына дейін бүкіл Қазақстанды 100% ауызсумен қамтимыз деп отыр. Бұл – Мемлекет басшысының берген тапсырмасы. Оған 1,5 жыл қалды, ендеше оны орындау қаншалықты мүмкін? Онсыз да елімізде ақшасы талан-таражға түсіп, қаңырап қалған жоба көп. Құмға сіңген ауызсу бағдарламаларының сұрауы кімнен?**



түстік Қазақстан, Ақмола және Батыс Қазақстан облыстары. Ал Маңғыстау облысының әкіміне сұтұшыту зауыттары мен қондырғыларды салу жобаларын жандандыру тапсырылды.

## ОЗЫҚ СТАТИСТИКА, ТОЗЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАР

Үкімет «100%» деп ауызсу туралы ауыз толтыра сөйлегенде, бұған дейінгі жұмыс істеп тұрған, кенес кезінен келе жатқан инфрақұрылымдарды есепке алып отырғаны екібастан. Бірақ өңірлерде саны бар да сапасы жоқ, тіпті тозығы жеткен инфрақұрылым көп. Оған қоса, «ескі Қазақстан» кезінде жобасына миллиардтап ақша бөлініп, қаржысы қомағайлардың көмексінде кеткен, бүгінде қаңырап тұрған су сүзу немесе тұшыту стансалары тағы бар. Сондықтан да мұндағы «жүз пайыз» қамтимыз деген сөз, судың өзіне емес, оны жеткізіп беру желілеріне қатысты айтылған болса керек. Ал оның сапасы бөлек әңгіме. Өйткені біріншіден, су құбыры желілерінің жартысы тозған. Айталық, елімізде 98 мың шақырым су құбыры болса, оның оның 43%-ы тозған. Егер олардың нормативті пайдалану уақыты 25 жыл деп алсақ, онда шамамен 42 мың шақырым су құбырына күрделі жөндеу немесе толықтай ауыстыру қажет. Соның ішінде ең үлкен тозу Алматы қаласы (57%), және Алматы (58%), Шығыс Қазақстан (54%), Ақмола (52%), Ұлытау, Абай, Қарағанды (51%) облыстарында байқалып отыр.

2023 жылдан бері тек мемлекеттік органдардың өзіне тұрғындардан су мәселесіне қатысты 43,5 мыңға жуық ресми өтініш келіп түскен екен. Көпшілігі әбден тозығы жеткен желілердің жиі істен шығатынына шағымданған. Мәселен, Ақмола облысында Нұра топтық су құбырының тозуына байланысты былтыр жергілікті деңгейдегі төтенше жағдай режимі жарияланды. Атырауда сорғы-сүзгі стансасын жаңғырту жоба-

сын әзірлеу ұзақ уақытқа созылды. Ал оның тозуы шамамен 90%-ды құрады. Сондай-ақ былтыр сәуір айында магистралды құбырдың жарылуынан Балқаш қаласы бірнеше күн бойы түгелдей ауызсусыз қалды. Абай облысындағы Андроновка ауылында су мұнарасы құлап, жергілікті тұрғындар суды тасып ішуге мәжбүр болды. Семейде су арнасындағы апат 70-тен астам үйді суық қалдырды. Сондай-ақ магистралды құбырдағы апаттан Ақмола облысының 11 елді мекеніне су берілмей қалды. Бұл тек бір айдың ішінде болған жайттар еді.

Мұның сыртында жаңадан салынып жатқанымен, құрылысы тоқырап қалған «сақалды», құбалар тағы бар. Оған мысал: Ұлытау облысындағы Есқұла су құбыры, Қызылорда облысындағы Талап су құбыры, Солтүстік Қазақстан облысындағы Преснов су құбыры мен Соколов су құбырының 2-ші кезені. Соның кесірінен 220 мыңға жуық адам сапалы суға қол жеткізе алмай отыр. Ендеше осынау тозығы жеткен инфрақұрылымдардың ондағы судың біріншіден көлеміне, екіншіден сапасына әсер ететіні анық. Өйткені елімізде танымал бір тарапты жыртық құбыр арқылы тасымалданған судың 60%-дан астамы ысырап болғаны туралы мәлімет ашық ақпарат кеңістігін кезіп жүр. Ендеше ол судың сұрауы кімнен? Бөрінен бұрын осы уақытқа дейін мемлекеттік бағдарламаларға бөлініп, құмға сіңіп кеткен қаржының есебін кім береді?!

## СЕНІҢ КЕЛІП ЖАҒАННАН...

Еліміздегі мемлекеттік ауызсу бағдарламаларының тарихы 2000-жылдардан басталады. Сол жылы 30 жылдық жоспар жасалып, 2002-2010 жылдарға арналған «Ауызсу» бағдарламасы қабылданған болатын. Арасында «Ауыл» бағдарламасы (2003-2005) болып өзгертілген бұл құжат бойынша азды-кем жұмыс істелгенін айта кету керек. Бірақ

жүзеге аспағаны көп болды. Сол істелмеген жұмысқа да ақшасы төленген деректер жиі кездесті. Сол жылдары бағдарламаны жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 335 миллиард теңге бөлінген. Оның 195 миллиарды алыстағы ауылдарды ауызсумен қамтамасыз етуге, 140 миллиарды қалалық жерлердегі ауызсу мәселесін шешуге арналған. Бірақ 2010 жылы «Ауызсу» бағдарламасы тоқтап қалды. Сөйтіп, бағдарлама түпкілікті мақсатына жеткен жоқ. Республикадағы 7 002 ауылдың 3 849-ы, яғни ауыл халқының 40 пайызы ауызсуға әру қалпында қала берді. Бағдарламаға бөлінген қаржының «дөкейлердің өңешінен өтіп кетуі» үлкен шұға ұласты.

Оның аяғы 2011 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасына жалғасқан еді. Еліміздегі ең бір шулы бағдарламалардың бірі осы болды. Оны қаржыландыруға 2011-2020 жылдар аралығында даму институттарының, су шаруашылығы ұйымдарының, отандық және шетелдік инвестициялардың және мемлекеттік бюджет есебінен 951 490 300 миллион теңге қаражат жұмсалды. Осы «Ақ бұлақ» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2020 жылға қарай қалаларда орталықтандырылған сумен жабдықтау деңгейін 100 пайызға жеткізу жоспарланған еді. Бірақ бұл жоспар да толық жүзеге асқан жоқ. Мәселен, Жамбыл облыстық прокуратурасы өңірде бағдарламаның негізгі максаттарының орындалмауы, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану, қомақты қаржыға салынған сумен жабдықтау нысандарының тиісінше жұмыс істемеуі, есептегіш құралдарымен жабдықтау бойынша ешқандай шаралардың атқарылмағанын әшкереледі. Облыстық прокуратураның дерегіне, жергілікті билік 208 елді мекенді ауызсумен жабдықтағанын хабарлағанмен, іс жүзінде 168 елді мекен ғана орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген екен. Ал Алматы облысы бойынша 85 елді мекенді ауызсумен қамтамасыз етіп, су жүйесін

қайта қалыпта келтіру үшін 14 миллиард 500 миллион теңге бөлінген екен. Бірақ жоспарланған 85 нысанның тек 43-і ғана суға қосылған. Қарағанды облысында «Ауызсу» бағдарламасы аясында 250 жоба қолға алыныпты. Оның 30-ы өз уақытында жүзеге асырылмады. 2002-2010 жылдар аралығында іске қосылмай қалған 15 жоба «Ақ бұлақ» бағдарламасына ауыстырылды. Бірақ жаңа бағдарламаның негізінде сол 15 жобаның тек үшеуі ғана толық аяқталған. Оның өзінде су құбырлары сапасыз тартылып, көп жерде қайта істен шыққан. Сондай-ақ Ақтөбе облысындағы 411 елді мекеннің 109-ында ғана су құбыры орналас-тырылған. Оралдың Жымпиты мен Өлеңті ауылдарына «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша су тартылып, ауыл тұрғындары бөрікін аспанға атып қуанған. Алайда жаз маусымы басталысымен тұрғын үйлерге тартылған су жетпей, халықты қайта әбгерге түсірді. Қазір ауыл тұрғындары суды тасып ішіп жүр. Тізбелей берсе, мұндай мысал өте көп. Оңтүстікте Сарыағаш ауданына су кіргізу үшін жұмсалуды тиіс 10 миллион теңге ысырап болған. Ол олқылықтың орнын толтыру үшін мемлекет қазынасынан тағы да 100 миллион теңге бөлініпті. Жалпы, Оңтүстік Қазақстан бойынша «Ақ бұлақ» бағдарламасы аясында 12,5 миллиард теңгенің жобасы өз уақытында орындалмаған.

Енді бүгінде бұл мемлекеттік бағдарлама өзге де өзі сияқты бейінді құжаттар секілді «Өңірлерді дамыту-2020» бағдарламасына біріктіріліп жіберілді. Соның аясында елді мекендерді сумен де, байланыспен де, газбен де және өзге де игіліктермен қамту осы бағдарлама шеңберінде қарастырылып отыр. Балкім, солай да дұрыс болар. Өйткені монокалаларды дамыту бастамасы да осындай түрлі себеппен аяқсыз қалған болатын. Ендеше мәселе бағдарламада емес, оның орындалуында екеніне көз жетті.

Нұрлан ҚОСАЙ

## ҮКІМЕТТІҢ ЕСЕБІ ТҮЗУ

Былырғы жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан қалаларында сумен жабдықтау қызметтері 98,9% қолжетімді болған екен. Ал ауылдық елді мекендердің тұрғындары 96,6%-ға ауызсумен қамтамасыз етілген. Бұл ретте 9 өңірде қала халқы 100% қамтылған. Олар – батыс-оңтүстік өңірлер мен Ұлытау, Солтүстік Қазақстан облыстары. Ең төменгі деңгей Абай және Павлодар облыстарында байқалады. Сондықтан да көрсеткіштері төмен өңірлерге басым негізде қаражат бөлінбек.

Биыл сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуға және реконструкциялауға республикалық бюджеттен 324 жоба үшін 218 млрд теңге қарастырылған екен. Оның 106 млрд теңгесі қалалардағы, ал 112 млрд теңгесі ауылдардағы жобаларды іске асыруға бөлінбек. Үкіметтің келтіріп отырған мәліметтері осындай. Оған қарасақ, сумен қамтуға 2025 жылдың соңына дейін толық қол жеткізуге болатын сияқты.

Десе де, мұнда проблемалар да жоқ емес. Оны Премьер-Министрдің өзі де мойындап отыр. Мәселен, кейбір топтық су құбырларын салу жобалары жылдар бойы іске асырылып келе жатыр. Ақмола облысының Талапкер және Қажымұқан ауылдарында ауыл ішіндегі желілер тартылған, ал оған су беретін Кенжебай және Рақымжансай кен орындарынан топтық су құбырын салу жобасы әлі іске асыру сатысында жатыр. Осындай жұмыс кестесінің сақталмауына байланысты былтыр бөлінген 760 млн теңгенің 500 млн теңгеден астамы бюджетке қайтарылған. Олжас Бектенов орындамай қалу қаупі жоғары аймақтарға арнайы тоқталған еді. Олар – Түркістан, Сол-

# БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫ АЗАЯР ЕМЕС

**Бүгінде кәмелет жасқа толмай жатып қылмыс жасайтын жасөспірімдер саны артқан. Олардың өмірге деген көзқарасы қалыптасып үлгермей, болашағына балта шабылуда. Әрине, бұл мәселенің бір ұшы ата-ананың бала тәрбиесіне салғырт қарауымен байланысты. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, бала тәрбиесінің әлсіреуі қоғамның айықпас дертіне айналуға осы жылдың бес айындағы көрсеткіш бойынша БҚО-да балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс 50 пайызға төмендеген. Жасөспірімдер негізінен ұрлау, тонау секілді құқықбұзушылықтарға барып отырған көрінеді.**

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Ақ пен қараны айырып, жақсы мен жаманды үйрету – әрбір ата-ананың бала алдындағы басты міндеті. Дегенмен күйбең тіршілік, бала-шағаның қамы деп азаннан қара кешке дейін жұмыста жүрген ата-ана көп. Олардың басты арманы – баласының мұқтаждық көрмей өсуі. Ал енді бірі ішімдікке салынған әке мен жоктықтан шаршаған ана. Оның баласына дұрыс тәрбие беруге мұрасы да жоқ. Тізе берсек, мысал көп. Бір сөзбен айтқанда, қазір ата-ананың балаға көңіл бөліп, қадағалауға уақыты жоқ. Ашы да болса, шындық – осы.

Мектеп жасындағы жасөспірім оқушылардың қылмысқа бой ұруы – жақсы құбылыс емес. Оларды мұндай теріс іс-

әрекеттерге итермелейтін нендей күш? Қай кезде де жасөспірімдер қылмысы қоғамдағы өткір, көкейкесті әрі өзекті мәселелердің қатарында болып келеді. Егер сандарды сөйлететін болсақ, БҚО бойынша 2022 жылы 96 қылмыс тіркелсе, 2023 жылы 125 қылмыс тіркеліпті. Ал биылғы жылдың бес айында 30 қылмыс тіркелген.

Әдетте балалар арасында қылмыс туралы айтылғанда бірден оның өскен ортасы қандай деген сұрақ туындайды. Көп жағдайда әлеуметтік аз қамтылған отбасының балалары қылмыс жасайды деген түсінік бар. Жалпы, БҚО бойынша полиция есебінде 108 қолайсыз отбасы тіркеуде тұрса, ол отбасыларда 278 бала тәрбиеленіп жатқан көрінеді.

Бірақ полиция өкілдері «Қазір құқықбұзушылықты тек әлеуметтік осал

топтардың балалары жасамайды. Толық отбасында тәрбиеленіп жатқан, жағдайы жақсы отбасының балалары керсінше қылмысқа көп баратын болған» деп қынжылады.

Балалар арасындағы қылмыстың алдын алу негізінен ювеналды полицияның міндетіне кіреді. – БҚО бойынша тек 70 ювеналды полиция қызметкері бар. Оның 48-і Орал қаласының өзінде жұмыс істейді. «Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі полиция жетпеген мектептерді сол аймақтың учаскелік полициясы қарайды», – дейді Полиция департаменті ЖПҚ бастығы Ернар Сұлтанғалиев. Балалар арасындағы қылмыстың көбінде ұрлық фактілері жиі кездеседі. Биылғы бес айда облыс бойынша балалар арасында тіркелген 30 қылмыстың



20-сы мектеп пен колледж оқушыларына тиесілі екен.

Жасөспірімдер мен балалар арасындағы қылмыстың алдын алу үшін «Түнгі қаладағы балалар», «Назар аударыңыз, балалар», «Демалыс» профилактикалық іс-шараларын өткізіп келеміз. Әсіресе, түнгі мезгілде балалардың бей-берекет жүруіне жол бермеу мақсатында ювеналды полиция өкілдері түнгі каларда рейдтік шараларды жиі өткізеді. БҚО ПД ЖПҚ бастығы Ернар Сұлтанғалиевтің айтуынша, бүгінгі күнге дейін 2531 өкімшілік хаттама толтырылған.

Психологтер жас жеткіншектердің қылмыс жасауының басты себептерінің бірі отбасылық қарым-қатынастың әлсіреуі екенін айтады. Яғни, баланың немен айналысып, қайда барып жүргеніне ата-ананың назар аудармауының, сондай-ақ кімдермен жолдас болып жүргені мен баланың әлеуметтік желілерге оңай қол жеткізуі де балалар арасындағы қылмыстың жиілеуіне себеп болып отыр. Өйткені олар қылмысқа көбіне балалықпен, аңғалдықпен ұрына-тын көрінеді.

Батыс Қазақстан облысы





ғылыми ойдың орталығына, сондай-ақ сарапшылық қызметті жүзеге асыратын беделді құрылымға айналуына мүмкіндік береді. Осының арқасында Қазақстандық ғылым дамудың жаңа серпініне ие болады», — деді ҰҒА баспасөз қызметі.

Академия ғылым — өркендеудің қозғалтқышы екенін еске салды. ҰҒА ұстанымынша, «салмақты интеллектуалдық әлеуетке ие қазақстандық ғылым серпінді, ғылыми қамтымды технологияларды өз бетінше құра алады». ҰҒА мүшелері институттарды, зертханаларды, кафедраларды және басқа ұйымдарды басқара жүріп, түрлі салада іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға үлес қосуға тиіс. Олардың және ҰҒА-ның бұл міндет үдесінен шығар-шықпасын уақыт көрсетеді.

#### АКАДЕМИЯДА НЕ ӨЗГЕРІС?

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Ұлттық ғылым академиясы мемлекеттің тікелей қаржыланды-

казір үлкен конкурстар өтіп, академия жаңа академиктермен толықтырылып жатыр», — деді Саясат Нұрбек.

Осыдан бірер күн бұрын Ұлттық ғылым академиясы өз қатарына жаңа 6 академикті қабылдады. Оның ішінде 40-қа да жетпеген екі жас адам академик атанды. 2023 жылғы сәуірде академия тізгіні академик мәртебесі жоқ Күнсұлу Закарья ұстаған еді. К.Тоқаев бір жылдан соң оны өзінің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі ретінде тағайындап, 2024 жылғы 22 қантарда ҰҒА президенті лауазымын академик, ауыл шаруашылығы экс-министрі Ақылбек Күршімбаевқа берді.

Қызметіне кірісе сала Күршімбаев ғылымға қатысты заңқобалар топтамасына академияның мәртебесін одан сайын күшейтуге, тәуелсіздігін, автономиясын қамтамасыз етуге, құзыретін арттыруға бағытталған төл ұсыныстарының топтамасын әзірлеп, Парламентке жолдаған екен. Алайда Ғылым министрлігі оны жолдан бұғаттады: реформаларды тежемеу үшін заңдар пакетін шұғыл қабылдау қажет болыпты. Ал Сенат министрліктен: «күршімбаевтық ұсыныстар келесі заңның аясында қаралады» деген хат алды. ҰҒА-ға қатысты келесі жаңа заңды Саясат Нұрбектің ведомствосы әзірлеуге кірісіп кеткен.

#### ӨНЕРТАБЫС ҚАЙТСЕ ТАБЫС ӘКЕЛЕДІ?

Қыркүйекте күшіне енетін «Ғылым және технологиялық саясат туралы» негізгі заңы және оған ілеспе заңдар аясында Үкімет пен ҰҒА қазақстандық ғылымды коммерцияландыру жүйесін

ынталандыру керек. Олар қаржы салмаса, тек мемлекеттік бюджеттің қаражатымен алысқа ұзамайды, ғылыми ашылымдар, өнертабыстар қағаз жүзінде қалып, архивтерде, компьютерлерде «шан басып» жатады.

С.Нұрбектің сендіруінше, жаңа заңдар пакетінде жеке бизнесті инновацияға шығындалуға іңкәр, құмар ету үшін қолдау тетіктерінің тұтас топтамасы қарастырылып отыр. Ғылыммен дос болған кәсіпкерлер бай болатын көрінді, себебі «супершегерімдерге» қол жеткізіп, бюджетке төлейтін салықтарын еселеп азайта алады, сөйтіп, біраз қаржысы қалтасында қалады.

— Жаңа заңда қолдау механизмдерінің үлкен пакеті қозғалды. Оның бастысының бірі — салықтық супершегерімдер. Жапония, Тайвань, Сингапур, Израиль, Финляндия, Францияда мұндай супершегерімдер орта есеппен 250-300%-ға дейін барады. Біз бірінші кезеңде 150%-дан бастаймыз. Дамыған елдерде осы тетікті пайдаланатын жеке компаниялар мемлекетпен серіктесіп, ғылымды көп қажет ететін өндірістерге, инновацияларға инвестиция салады. Өз өндірісіндегі өнімдерін қосылған құнының тізбегін арттырады, оңтайландырады. Сол үшін мол салықтық артықшылық-преференциялар алады. Осы — супершегерім атайды. Салықты 150 пайызға дейін кеміту тетігі бізде тұңғыш рет қолданылмақ, — деді министр С.Нұрбек.

Оның нақтылауынша, егер әлдебір жеке компания, қалталы адам ғылыми ұйыммен, ең құрыса — төл, жекеменшік университетпен серіктестікте қандай да бір инновациялық өндірісті құрса, инновациялық жобаны жүзеге асырса, ғылымның өнертабысын ен-

# Бизнес пен ҒАЛЫМ ДОС БОЛСА...

**Ұ**лттық ғылым академиясы қайта құрылып, терең реформаны бастан өткеріп жатыр. Оған елімізде ешбір ұйымда жоқ ерекше мәртебе берілді. Сондай-ақ өткен ғасырдың соңынан бері өзін-өзі қамтамасыз етуге жіберілген, біраз талауға ұшыраған ҰҒА қайтадан мемлекеттің қарауы мен қамқорлығына алынып, тікелей республикалық бюджеттен қаржыландырыла бастады. **Жуырда, 1 шілдеде Мемлекет басшысы академияға, жалпы ғылымға қатысты жаңа заңдар топтамасына қол қойды, ол нендей жаңашылдық, тағы қандай тың өзгерістер әкелмек?**

Айхан ШӘРІП

#### ҒЫЛЫМДЫ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРЕ МЕ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 1 шілдеде тұтас заңнамалық түзетулер пакетін құптады. Оның арасында «Ғылым және технологиялық саясат туралы» негізгі заңы, сондай-ақ «Кейбір заңнамалық актілерге ғылым және технологиялық саясат, платформалық жұмыспен қамту және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің (Салық кодексінің) қолданысқа енгізу туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заңдары бар.

Аталған заңдарға Президент қол қойғанымен, олар алғашқы ресми жарияланған күннен бастап, тек 60 күн өткен соң, яғни биылғы күзде, қыркүйекте қолданысқа енгізіледі. Осылайша, ондағы жаңашылдықтарға салалық министрлік, академия және басқа мекемелер әзір болуы, барлық қажетті нормативтік-құқықтық актіні, қаулы мен бұйрықтарды қабылдауы, басқа да дайындық іс-шараларын жүзеге асыруы үшін осындай өтпелі кезең ұсынылды.

Бұл ретте негізгі заң толыққанды күшіне енген соң қолданыстағы «Ғылым туралы» заң, сондай-ақ «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» заң күшін жойып, тарих қойнауына кетеді.

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Алтынбек Нұхұлының түсіндіруінше, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында берген тапсырмасына сәйкес жазылған бұл жаңа заң ғылымды басқару жүйесінің құрылымын жетілдіруге, соның ішінде Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясын «жоғары ғылыми ұйым» ретінде құруға бағытталған.

Ал ілеспе заң арқылы қолданыстағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңына толықтырулар енгізіледі. Соның нәтижесінде «жоғары ғылыми ұйым» деген жаңа мәртебе коммерциялық емес ұйымдар қатарына қосылады. Сондай-ақ жоғары ғылыми ұйымның, яғни ҰҒА-ның қызметі, нысанасы мен мақсаттары, құзыреттері, өкілеттіктері заң жүзінде айқындалып, бекітілді. Бұрынғыдай, академия басшылығының «өзім би, өзім

кожа» деп өзімбілемдікке салынуы бұдан былай болмауы тиіс.

Сенат депутаты Қайрат Тастекеев ғылым академиясының рөлін арттыруға ел Президентінің өзі баса назар аударып келе жатқанына екі күн түсірді. Себебі кезінде көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаевтың өзі негізін қалаған ҰҒА — ғылыми жүйе мен ойды басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттің жетекші орталығы. Экономиканың әр саласын дамыту, елді индустрияландыру, жасыл, инновациялы экономика құру, тіпті өзі әлем алдында жариялап, міндеттемеге айналдырған, 2060 жылға дейін Қазақстанның көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін Мемлекет басшысы осы академияға сүйенетін болады.

— 2022 жылғы 1 маусымда, ҰҒА-ның 75-ші мерейтойлық сессиясында Президент бюджеттен қаржыландыруға көшіріп, академияға мемлекеттік мәртебе беру арқылы оның статусын көтеруге бағытталған бірқатар шара қабылдауды қадап тапсырды. Оның тиісті тапсырмасы дәл осы заңдар аясында, заңнамалық түрде іске асырылды. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заңның маңызды бір тұжырымдамалық ережесі — академияның мәртебесін арттыру: ол республикадағы жалғыз жоғары ғылыми ұйым ретінде анықталды. Заң деңгейінде оның функциялары, ҰҒА төралқасының, академиктердің жалпы жиналысының, қамқоршылар кеңесінің құзыр-өкілеттіктері, қаржыландыру көздері белгіленді, — деді сенатор.

Президент жанындағы ҰҒА Мемлекет басшысының заңдар топтамасына қол қоюына қатысты үн қатты.

«Жаңа мәртебенің берілуі Ұлттық ғылым академиясының рөлін арттырады. Оның

руына толыққанды көшірілгенін хабарлады.

— Франция, Ресей, Қытайда ғылым академияларының арнайы мәртебесі, дербестігі бар. Осы заң аясында «жоғары ғылым ұйымы» деген арнайы мәртебе берілді. Сол арқылы ҰҒА бірнеше маңызды функцияға қол жеткізді. Мысалы, ғылымды қаржыландыру, гранттық қаржыны, нысаналы гранттарды тарату, ғылыми-техникалық тапсырмалардың сараптамасын жүргізу және басқасы. Бізге, министрлікке ғылыми жобаларға тәуелсіз сараптама керек. Өкінішке қарай, көп жағдайда грантка тапсырған ғылыми ұжымдарымыз, ҒЗИ-лар тапсырманы толыққанды орындамай, сараптамадан өте алмайды, оларда нақты нысаналы көрсеткіштер көзделмейді, — деген С.Нұрбек бұл міндет те ҰҒА-ға жүктелетінін жеткізді.

Ғылымның форсайтын өткізу, негізгі ғылыми бағдарламаларды, басым бағыттарды айқындау да академияға қатысты болады.

Ғылым министрі осыған орай академия қайта құрылып жатқанын айтты. Отандық негізгі ғылымдар 4 негізгі топқа бөлінді және оның әрқайсысына ҰҒА президентінің орынбасарлары жетекшілік етеді.

«Бүгінгі күні төрт негізгі бағыт құрылды. Оларды төрт вице-президент жүргізеді. Біріншісі — жаратылыстану, инженеринг, оның ішінде химия, физика бағыттары. Екіншісі — ауыл шаруашылығы, агробиология, агрохимия. Бұл өте үлкен, басымдықты бағыт. Үшіншісі — биотехнологиялар мен медицина саласы. Төртіншісі — гуманитарлық, әлеуметтік ғылымдар. Осы төрт бағытта жұмысты бастадық. Ол кеңейтілуі мүмкін, өйткені

жетілдіруге, ақпараттық, білім, қаржы ресурстарын жұмылдыруға талпыныс жасамақ. Бұл тұрғыда бизнес-акселерацияға, технологиялық бизнес-инкубацияға баса көңіл бөлінеді деп күтіледі. Осы арқылы инновация мен стартаптардың ілгерілеуі үшін қолайлы орта құруға болады.

Бірақ әлемдік тәжірибе көрсеткендей, инновацияларға капитал тарту үшін отандық және шетелдік компанияларды



*Себебі кезінде көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаевтың өзі негізін қалаған ҰҒА — ғылыми жүйе мен ойды басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттің жетекші орталығы. Экономиканың әр саласын дамыту, елді индустрияландыру, жасыл, инновациялы экономика құру, тіпті өзі әлем алдында жариялап, міндеттемеге айналдырған, 2060 жылға дейін Қазақстанның көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін Мемлекет басшысы осы академияға сүйенетін болады.*



дірсе, салған инвестициясының 100 пайызы көлемінде салықтық супершегерім иеленеді. Мұның сыртында қосымша ынталандыру түрінде кәсіпорын-фирма шығарған өнімге немесе көрсеткен қызметке тағы 50 пайыз салықтық шегерім алады.

Бұдан бөлек, Ғылым министрлігі «Ғылым қорын» қайта құрып жатыр. Жаңа заң оған венчурлік қор функциясын береді. Сол арқылы бұл қор бюджеттен ғана емес, қазақстандық, шетелдік қорлардан, компаниялардан қаражат тартып, оны жүйелі, заңды түрде үлестіре алады. Ол миллиардтар ғалымдарға, өнертапқыштарға қайтарымсыз негізде беріледі. Өндіріске енгізген инновациясы елге еш игілік-қайыр әкелмесе, құрылған кәсіпорын не фирма банкрот болып, жабылып тынса, соған қатысы болған ғалымдардан, мысалы, академиктерден, кәсіпкерлерден қор қаражатын қайтару талап етілмейді.

Саясат Нұрбектің айтуынша, Сауд Арабиясы қоры қазақстандық ғалымдардың әзірлемелеріне қызығушылық танытып отыр: тиісті заңнамалық түзетулер, ынталандырулар өмірге жолдама алса, бірінші венчурлік қорға 100 миллион долларға дейін салуға дайын екен.

Жалпы, бизнес, инвесторлар қазақстандық ғалымдар мен инноваторларының жаңадан нені ойлап тапқанын қалай біледі? Qazpatent ұлттық зияткерлік меншік институтына хабарласуына болады. Бірақ ол өнертапқыштар мен демеушілер арасында делдалдық қызметтер көрсетпейді.

Заңға сәйкес, ғылымға, технологиялық-инновациялық жобаларға қатысты барлық ақпарат жиналатын бірыңғай ақпараттық жүйені құру жоспарланған. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері қажетті ақпарат пен материалды сол жерден таба алмақ.

Әділет министрлігінің дерегіне, 2023 жылы елде жаңа өнертабыстардың — 492-сі, пайдалы моделдердің — 983-і, тауарлық белгілердің — 6 319-ы, өнеркәсіптік үлгілердің — 122-сі, селекциялық жетістіктердің — 83-і тіркеліп, патент иеленген. 2022 жылы — 6 832, 2023 жылы — 8 031 өнеркәсіптік меншік тіркеліп, саны бір жылда 18% өсіпті. Бәрі болмағанымен, арасында коммерцияландырылса, мол кіріс әкелетін инновациялық жауары» бары даусыз.

Әзірге, министр отандық ғылымның басты қаржы көзі — мемлекет болып қалғанын қынжыла жеткізді. Барлық ғылыми жобаның 73%-ын республикалық бюджет қаржыландырады.

Салыстырсақ, Оңтүстік Кореяда — 75-78%-ы, АҚШ-та — 82%-ы — жеке инвестициялар. Инновацияларды, өнертабыстар мен жобалардың жаңа, озық атаулысын Google, Amazon, Meta, Samsung, автокөлік брендтері, техногиганттар және басқасы таласа-тармаса сатып алады. Сондықтан мемлекет осы жаңа заңдар арқылы бизнестің ғылымға енуіне кең даңғыл ашып, қозғау салып, жүйелі де нақты тетіктерін жасап бергелі тұр.



Қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Қуаныш Жиенбай шығармашылығының басты идеялық түйіні «Табиғатты аялаңдар, адамдар» деген өзеюкарды ойға тіреліп жатады. Бүгінгі уақыт күрмеуі мол күрделі проблемаларға толы десек, соның ең бастыларының бірі – Табиғат–Ананы қорғау мәселесі. Жаратылыс үйлесімділігінің бұзылуы адамзатқа зор қатер тудырып отырғаны шындық. Топан су, сілкінген зілзала мен опырылған жер, құйынды дауыл мен алапат өрт Табиғат–Ананың адамдарға білдірген «ашуы» сияқты.

қалай жақсартуға болады деп жарғақ құлағы жастыққа тимей ой кешетін ізденіс адамдары. Олар Кіші Аралға, Барсақалмас қорығына, бір кездері теңіз жағасы болған, бүгіндері құм басқан ауылдарға барып, халықпен байланысады. Жерасты суларын зерттейді. Жан кіре бастаған Кіші Аралда жеке бас қамын ойлаған браконьерлер шыққан. Табиғатқа есепсіз зиян келтіре бастаған оларға жазушы қаһарманы түрлі тәсілмен қарсы күреске шығады.

Әлбетте, жазушы шығармаларының қаһармандарын топқа бөлу – шартты нәрсе. Дегенмен туынды кейіпкері – жазушы идеясын тасымалдаушы көркем тұлға. Автор бүкіл ой-сезімін, суреткерлік позициясын басты соған жүктейді. Адам қолымен жасалған табиғатқа қастандықтың залалын шеккен олар, ең алдымен адамдық болмыстарымен, адамдық құндылықты сақтауға ұмтылыстарымен дараланады. Жазушы тұлғалаған образдар – негізінен экологиялық зардаққа ұшыраған туған жердің қамын ойлаған адамдар. Өмірдің әр алуан соққыларына ұшырағанмен, жүректері таза. Заманға орай ашық, әлемдік қа-

қиындығын білдіреді. Өнер жолында қызғаныш та, қиянат та кезігеді. Кең толғамды дәріс Жұмабектің жай әуесқой емес, өнер тарихына қанық, шын өнердің бағасын білетін білімдарлығын танытады.

Автор образды түрлі тәсілмен тердеткен. Облыс басшысының ой-толғанысы мен аудан әкімінің жанталасқан қарекеті, Жұмабектің төтеннен қосылған тыңдаушы әкімнің баласы Ришатпен арадағы диалог – сюжетті қоюлатқан. Шығарма соңы басты қаһарманның мүлде күтпеген тұстан төбесінен жай түскендей оқиғамен аяқталады. Мүсін-жобаның авторы қатарында Жұмабектің аты-жөнімен қоса, тағы екі адамның аты-жөні қосарланыпты. Дүниені жалпағынан басқан жалған, паразит «авторлар»!.. Ұяттан, ардан безгендер!.. Бірі – бәрін де сатып алуға болатын дейтін аудан әкімінің баласы... Оу, әлділік қайла?! Қиянаттың шегі бар ма?! Алдында ғана облыс әкімінің араласуымен көзіне операция жасатып, жарық дүниеге қайта оралған Жұмабек аспан айналып жерге түскендей күй кешеді. Мұны көргенше, соқыр



# ТАБИҒАТТЫ АЯЛАҢДАР, АДАМДАР!

## АДАМДАР!

Экологиялық зардақтарды қазақ жері де тартудай-ақ тартып келеді. Кеңестік замандағы Семей полигоны мен Тайсойған құмдағы ядролық қару сынақтары, жер-жаһанның көз алдында айналасы 20-30 жылдың көлемінде жойылып кеткен Арал теңізі мен Байқоңыр аспанынан ауа қабатын бұзып-жарып ғарыш кемелерінің тоқтаусыз ұшырылуы озбыр биліктің қолымен жасалған Табиғат–Анаға, оның мана-йында тіршілік кешкен адамдарға жасалған есепсіз қастандық болатын.

Әдебиет бұл күрделі тақырыптан тыс қалмады. Көрнекті жазушы Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы пары» дилогиясы Арал теңізінің жойылу трагедиясын көркем бейнелесе, жазушы Қ.Жиенбай туындылары сол жағалау тұрғындарының кейінгі тағдырларына арналды. Жағалаулықтардың кейінгі өмірі жеңіл болған жоқ. Бұл ретте жазушы сомдаған қаһармандарды бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

Біріншісі – атамекеннен еріксіз көшуге мәжбүр болғандар. Теңіздің қайтуымен ауа құрғақшылыққа ұшырап, тіршілік көзі таза су мәселесі киіндыды. Ауру-сырқау өршіп, дүниеге мүгедек сәбилер келді. Өзіне-өзі қол жұмсау дерті күшейді. Осы және басқа да жағдайларға байланысты қоныс аударғандардың жүректерінде бәрібір теңізге, ата кәсіпке деген мәңгілік сағыныш сақталып қалды. Жазушы туындыларында экология зардабынан туындаған психологиялық дағдарыс әлеуметтік жағдайлармен астастырыла бейнеленді.

Екіншісі – сол өңірде тұрақтап қалып, заман ыңғайымен жанкешті тірліктерін бастағандар. Бұл туындыларда Байқоңыр ғарыш айлағы мен жұпыны Төретам стансасы, қобыз сарыны сар даланы тербеткен Қорқыт ата кесенесі шендестіріле суреттеледі. Тәуелсіздік рухы жол ашқан жана уақыт тынысы бейнеленді. Күн ара зіркідеп, төңірегіне от шаша аспанға ұшатын коммерциялық ғарыш кемелері жергілікті халықтың мүддесін көздеген жоқ.

уымдастықпен етене жақын. Бірі – Мәскеуде білім алған білікті маман болса, бірі – Баренц теңізіне суға батқан кеме заттарын су бетіне шығарушы батыл да шебер сүңгуші. Енді бірі күн-түн демей жасаған мүсін-жобасымен элементі атакты мүсіншісінің назарына ілігеді. Тағы бірінші жасаған жерасты су картасы Байқоңыр космодромы басшылары есептесуге мәжбүрлейді.

Қырық жылдың үстіндегі шығармашылық ғұмырында қазақ прозасына бірнеше роман және повестерімен, көптеген тушымды еңгімелерімен мол олжа әкелген Қ. Жиенбайдың мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып отырған «У мен уылдырық» жана кітабы да адам және экология тақырыбын, ар-ұждан мәселесін жана қырымен қозғайды.

«Оны мазаламандаршы...» повесінің кейіпкері Жұмабек – темір дөңкерлеушісі болғанмен, жұмысына өнер деп қарайтын жүйрік ойлы шығармашылық иесі. Бір кездері теңіз толқыны жағаға соғып жатқан портты қаланың тұрғыны. Қазір су жоқ, ойдым-ойдым қазан шұңқырлар қансып кеуіп қалған. Теңіз тағдыры, туған жердің бүгінгі жабырқау көрінісі оның жанына маза бермейді. Шетелдік көр өкілдерінің келіп, бұзылған табиғаттың құрсауында қалған жағалаулықтарға мүсіркей қарауы, болмашы әлденемен көмек көрсетуі намысқа тиеді. «Табиғатқа көзсіз өктемдік жасаудың соны неге әкелетінін, ойланыңыздаршы адамдар!» дейді ішкі дауысы. Соған арнап темірден мүсін-ескерткіш жасауды ойлап, күндіз-түні дамыл көрмей, түрлі сызба-жобаларын жасайды. Тамырлары білеуленіп, көкке созылған арбиған қол бұл жерге аяқ басқандарға ой салып, ұмытылмастай сес көрсетіп тұрса дейді. Көз көруі на-

болғанын жақсы еді ғой деп жүрек қабынады.

Бір жылдардағы көркем туындыларда арам шөптей көтерілген халтурщиктер айыпталса, қазіргі өмір шындығы жана «авторларды» туғызған. Дарынды тұлғаның еңбегін пайдаланған озбыр, өктемшіл жалған авторлар пайда болған. Түрлі жолмен шын автордың еңбегіне жармасып, атын тарихта қалдырғысы келеді. Автор «дертті» шындыққа табан тіреп әжуалайды.

«У мен уылдырық» повесінде де қазіргі уақыттың өткір мәселесі қозғалған. Жазушы шығарма өзегін өмірден алған. «Қазір адамдардың табиғатқа деген жанашырлығы азайған. Кіші Аралдың төңірегін айтайын, балықшы жерлестерінің көбінде табиғатқа деген жана-

реттеуінде 60-қа толса да, 40-тағы адамдай өзін ширақ сезінеді. Су астына сүңгудің шебері. Бір жылдары Баренц теңізіне батқан кемеңіз заттарын су бетіне шығаруда әріптестерің таңғалдырып жұмыс жасаған. Сонда скафандрсыз су астында ұзақ уақыт жүзген. Әкесі теңіздегі маяқтың шырағын жағушы еді. Әкесімен бірге бала күнінде теңізге баратын. Су астында ұзақ жүзуді сонда үйренген.

Есбергеннің құм басқан ескі қоныста жалғыз тұруы ауылдастары үшін жұмбақ. Жүйрік қайығы, басқа да теңізшіге тән мықты құрал-жабдықтары бар ол күн сайын Кіші Аралға шығады. Туындыда бір кездері теңізден белгі болып қалған Үшшоқы, Қыземшек, Қаратерен, Аяқөткел тәрізді жер-су

Жазушының қай шығармасы болмасын қат-қабат астарлы болып келеді. Бүгінгі уақыт шындығы, адам психологиясындағы өзгеріс, қазіргі адамның моральдық мәселесі мен адамдық құндылықтар жайы көрінеді. «Оны мазаламандаршы» повесіндегі қызы Англияға оқуға түскен Сәлімгерей дүркіретіп той жасауды ойламайды. Жұмабек оны құрдасының намысына тиісе сөйлегенде: «Жә, Англияға барып, оқуға түскен жалғыз менің қызым ба?» деуі – ысырапты қажетсізбенген жаңа психология көрінісі. Аудан әкімінің баласы Ришаттың Жұмабек алдында астамсына сөйлеп, не нәрсені болмасын сатып аламын деп дөрекілік танытуы да – уақыт белгісі. «У мен уылдырық» повесіндегі Есбергеннің ауыл қарияларына өз жұмбағын білдірме үшін, балық желбезегіне іліккен адамды қартайтпайтын түймедей дәрі болады деп алдаусыратып жауап беруі мен ауыл қарияларының ұзақ өмір сүру туралы қиялдарының шарықтап кетуі, бір жағынан күлкілі ситуация болса, екіншіден – Есберген образын орнықтыра түскен көркем деталь. Пошташы келіншектің болмысы бөлек Есбергенді ұнатып қалуы, шығарма соңында ойын балықтарын құтқаруға жанталаса әрекеттеніп, есінен тана құлаған оның басын пошташы келіншектің сүйеуі оқырманның алдынан жана замзұн ашады. «Қашкын» повесіндегі Бөрібаймен санауыды қойып, өктемдік жасай бастаған Гүлжәмила әрекетінің шарықтау шегі күйеуінің жерлесі болып келетін құрылысшыларды үйден қуып жіберуімен көрінеді. Елін, анасын сағынып, түрлі себеппен ауылына жете алмай жүрген Бөрібайға мына тірліктің құны қалмаған сияқтанады. Автор қосалқы желілерді өрбітумен өмірдің құрделілігін, шағын отбасының өзінде алуан түрлі жағдайлардың болып жататынын аңғартады. Жан-жақты тарауды дамыған желілес оқиғалар шығарма соңында түйінделіп, бір жерден табылып жатады.

Түйіндей айтқанда, жазушының басты тақырыбы – табиғат пен адам арасында орныққан күрделі байланыс. Табиғатқа өктемдік – өзінің өсіп-өнген алтын бесігінді қиратумен бірдей. Сондықтан да автор кейіпкерлері табиғатты қорғау жолында күрессе, енді бірі оның күрделі шараларын шешуде қайсарлық танытады. Жазушы шығармаларында көз алдында теңізді жоғалтқан бүтін бір ұрпақтың трагедиясы, жанкешті күресі мен психологиясы бейнеленген.

Прозаиктің өзіндік стилі қалыптасқан. Оның жазу мәнерін көп шығармалардың ішінде мынау Қуаныш Жиенбайдың қолтаңбасы деп тану аса қиын емес. Туындыларының барлығы дерлік қаһармандарының монологуға құрылған. Олардың ішкі сөзі өзін-өзі мінездейді, ортаға, өзгеге деген көзқарасын, танымын білдіреді. Жақсы көру мен жек көру арасындағы жан диалектикасы тартысты ішкі сезім арқылы өріледі. Бірақ автор соның мөлшерін жақсы сезінеді. Оқушысын жалықтырып алмайды.

Автор шығармашылығын қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары Ә.Нұрпейісов, Ә.Тарази, Д.Досжановтан бастап, қатарлас әріптестері жоғары бағалаған. Шын мәнінде, ол – бүгінгі заман иірімін жан-жақты бейнелей алған өнімді жазушы. Бүгінгі уақыттың көкейкесті мәселелерін қозғаған «У мен уылдырық» повестер мен әңгімелер жинағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығына лайықты шығарма деп білеміз.

Сәмен ҚҰЛБАРҚА,  
әдебиеттанушы, филология  
ғылымдарының докторы, профессор

«У мен уылдырық» повесінде де қазіргі уақыттың өткір мәселесі қозғалған. Жазушы шығарма өзегін өмірден алған. «Қазір адамдардың табиғатқа деген жанашырлығы азайған. Кіші Аралдың төңірегін айтайын, балықшы жерлестерінің көбінде табиғатқа деген жанашырлық көзқарас жоғалған, табиғатты тонау әрекеттері жүріп жатыр.

Әр ғарыш кемесі ұшқан сайын далада көз аштырмас құмды дауыл тұрды. Ара-арасында жарылыс болып, гептил уы қазақ даласына төгілді. Автор алапат зорлыққа ұшырап жатқан киелі өңірдің тарихы теренде жатқанын күллі түрік дүниесіне ортақ дара тұлға Қорқыт ата бейнесі арқылы тірілтеді. Бұл өңір – қасиетті мекен. Сондықтан да жазушы қаһармандары қандай қиын уақытты бастан кешсе де, туған жер тарихына үніліп, қасиетті өлкені жана заманның ыңғайымен дамытуға күш салады. Әлемдік сенсация жасап, аспанға ғарыш кемелері қунара жол салып жатқан Байқоңыр жанындағы Төретам стансасының тірлігі жұпыны. Әлеуметтік теңсіздік күште. Сонда да рухы мықты кейіпкерлер жана заман технологиясымен шұбат өндірсе, оны ғарышкерлердің бірден-бір женсік, пайдалы асына айналдыруды мақсат етеді. Йолқа бай Қамбаш көлі жағалауынан емдік орын ашып, әлем назарын аударуды армандайды.

Үшіншісі – Астанада, басқа да ірі қалаларда жүрсе де, Арал теңізіне қайтсем көмек жасаймын, халық тірлігін

шарлаған оның сызба-жобасын әлемдік Зураб Церетели атындағы қор қуаттап, облыс әкімдігіне хат жолдайды.

Повестегі сюжет динамикасы осылай күшейеді. Әлемге танымал әйгілі мүсіншінің теңіз жағасындағы қуан тартқан қалаға назар аударуының, әлем жұртшылығы делегациясының келуінің өзі не тұрады. Жұмабек – ақ адал еңбегіне, тынымсыз ізденісіне сүйенген шебер. Көз көруі нашарлаған оның училищелде шәкірттерге дәріс жүргізуі, темірден түйін түйетін өз өнерін жаластыратын екі-үш шәкірт тәрбиелеуі мақсат тұтуы образ сырын аша түскен. «Бір жағына шығындар, өнер мен өтірік қоныс қона алмайды» дейтін ол әйгілі Михаил Шемякин туралы шәкірттеріне кызықты байндайды. «Менің Шемякинге бүйрек бұратын себебім, оның қолынан шыққан дүниелердің бәрі кәдімгі қаңылтырдан жасалған. Саз балшық, гипске жоламайды. Әне, қан-нылырды өз еркіне көндірудің түп төркіні сонда. Оның үйрену, солықтау дәурені Эрмитаждың жертелесінде өтті» дейтін ол шәкірттеріне өнер жолының

шырық көзқарас жоғалған, табиғатты тонау әрекеттері жүріп жатыр. Кішкентай ғана теңіз жағалауында 6-7 балық зауыты бар. Ауылға барғанда балықты у шашып, теңіздің астына лампа қойып, қит аулаған секілді сүзіп алатындарды естіп жаным тұршікті. Қытайдың торымен әбден сүзіп алатындары да бар екен. Балықтың уылдырық шашатын мезгілі болады, балыққа көбею үшін екі-үш ай уақыт береді. Оған қарап жатқандар аз, табиғатқа аяушылықтан гөрі, қатыгездік көзқарас басым. Ауылға барғанда осы жағдайға жаным ауырып, «У мен уылдырық» деген повесть жаздым» дейді автор.

Шығарманың бас кейіпкері Есберген теңіз жағасындағы атақоныс Көнебөгенге келеді. Министрлікте жұмыс істеген, атак-абыройы зор адам. Халықаралық жиында Сырдарияға тиесілі судың бөлінуі туралы мәселе көтеріп, ықпал жасаған. Туған жері, әкім қараула да оны алақанына салып қарсы алуға даяр еді, бірақ ол жұртты таңғалдырып, екі-үш үй ғана қалған байырғы атақонысқа ат басын тірейді. Автордың су-

аттары аталады. Есберген – тұлғалық тұрғыдан реалистік образ болғанмен, повестегі әрекеті тұрғысынан алғанда, шығармашылық қиялдан туындаған, автор идеясын, позициясын арқалаған кейіпкер. Ол тәрізді су астында тыюсыз кеткен ашкөздердің тар көзді қытай ауларын қиып, суға себілген у дәрірлі көріп, балықтарды басқа жаққа айдап жатқан, не уылдырық шашып жағада қайрандап қалған балықтарды жанталаса суға жіберген жанкешті адамды көрмесіз. Автор оқиғаны нанымды өрбіткен. Есбергеннің теңіз, балдырлар, суасты қойнаулары туралы ой-толғаныстары кейіпкер психологиясын орнықтырған. Күні кешеге дейін Аралды жоқтап келдік, енді Кіші Аралды үлкен қажыр-қайратпен қайта оралтып жатқанымызда, жағалаулықтардың табиғат байлығын жетілдіруге жол бермей, ашкөзденуі қалай? Автор повесте әлеуметтік-моральдық мәселені көтереді.

«Қашкын» хикаятында әлдебір себеппен елден кеткен Бөрібайдың туған жерге деген сағынышы суреттелген.





Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында Президент, Парламент және Үкіметтің қоғам алдындағы ролі мен міндетіне қатысты жаңа қағидаттың басшылыққа алынатынын жеткізген болатын. Сондай-ақ Парламенттің құзыреті мен қызметі қайта қаралатынын, депутаттардың ролі едәуір күшейгенін мәлімдеген. «Реформаларымыз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделді. Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі», – деді Мемлекет басшысы.

Назгүл НАЗАРБЕК

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында депутаттарға бірқатар міндет жүктеген-ді. Парламент пен мәслихаттар әрдайым бірлесе жұмыс барынша үйлесімді болатынын, жергілікті биліктің шамасы келмейтін ауқымды мәселелерге орталық дер кезінде көңіл бөлетінін еске салды. «Реформалардан кейін депутаттардың өкілеттігі біршама кеңейді. Қос палатаның жұмысына бірқатар өзгеріс енгізілді. Бұрын заң жобасын Мәжіліс мақұлдап, Сенат қабылдайтын. Енді заң қабылдау құзыреті Мәжіліске берілді. Мәжіліс басқа да артықшылыққа ие болды. Осылайша, жоғары өкілді орган шын мәнінде ықпалды Парламентке айналды», – деп атап өтті Президент. Сонымен бірге депутаттар билік пен қоғамның әріптестігін нығайтуға үлес қосуы қажет, бұл жұмыстар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орнықтыруға септігін тигізбек. Әсіресе, сайлауда жеңіске жеткен «AMANAT» партиясы осы жұмысқа белсенде атсалысады деген сенім білдірді.

#### МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ЕЛ ІШІНДЕ

Осылайша, өкілеттігі біршама кеңейген Мәжіліс депутаттары бүгінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында бірқатар игі істің басында жүр. Жыл сайын 2 мәрте демалыс алып, елдің ахуалымен танысады, шалғай ауылдардағы тұрғындармен жүздесіп, мәселесін тыңдайды. Шешім таппай жүрген жайттарды жергілікті билік өкілдеріне тапсырып, ал республикалық деңгейде шешілуі тиіс мәселелерді орталыққа көтеру үшін қағазға түртпін алады. Түркістан облысынан сайланған Парламент Мәжілісінің депутаттары Қайрат Балабиев, Ұласбек Сәдібеков, Темір Қырықбаев және Нұрсұлтан Байтілісов шілденің алғашқы күнінен бері облысқа арнайы іссапармен келіп, өңіріміздің барлық аймағында жұртшылықпен кездесіп жүр.

Мәжіліс депутаты Қайрат Рахымұлы Сауран ауданына жасаған сапары Шорнақ ауылындағы «Бинэкс» ЖШС-ның кірпіш зауытынан басталды. Мұнда заң шығарушы органның өкілі өндіріс орнының қуаттылығымен танысып, зауыт жұмысшыларымен жүздесті. Жергілікті билік өкілдерімен ауданның өндірістік әлеуеті және аудан тұрғындарының жұмыспен қамту мәселелері бойынша өзара пікір алмасты. Түркістан қаласындағы қарқын алған құрылыс аса қажетті өнім шығаратын кәсіпорында 40-қа жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жылына 3 млн дана кірпіш шығаратын зауытта өндірістік процестер толық автоматтандырылған, инновациялық технологиялармен жабдықталған. Зауыт басшылығы кәсіпорынның өндірістік қуатын арттыру мүмкіндіктеріне қарастырылып жатқанын мәлімдеді және өндірістік үдерісте экологиялық талаптарды сақтауға басымдық беріліп жатқанын айтты. Зауыт жұмысшыларымен кездесу барысында Қайрат Рахымұлы осы жұмыс сапары аясында Парламент өкілдері қабылдаған заңдардың жергілікті жерлерде орындалуы зерттелетінін жеткізді. Сондай-ақ қолданыстағы заңдар бойынша қай талаптарды жетілдіру керек, соған баса берілетінін айтты. Осы орайда, тұрғындардан өз азаматтық пікірін білдіруде белсенді болуға үндеп, өзекті деген мәселелерді бірлесе шешуге шақырды.

# ТҮРКІСТАН: АУЫЛ ТЫНЫСЫ – ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА



Ауданға жасаған жұмыс сапары барысында Мәжіліс депутаты жергілікті тұрғындармен кездесу өткізіп, азаматтар көтерген мәселелерге құлақ түрді. Жұртшылықтың ұсыныс-пікірлерін аудан әкімі, осы ауданнан сайланған Түркістан облыстық мәслихатының депутаттары, партия филиалының жауапты өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары да тыңдады, көтерілген мәселелер бойынша толық ақпарат беріп, оларды шешу бағытындағы қабылданған жоспарлармен бөлісті. Айта кету керек, кездесу барысында тұрғындар тарапынан ауысу мәселесі, елді мекендердегі білім беру ұйымдарын жөндеуден өткізу, интернет кеңістіктегі құмар ойындардың таралуына шектеу қою, әлеуметтік және денсаулық сақтау салаларына қатысты жеке өтініштері мен ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

Мәжіліс депутаты Темір Қырықбаев Мақтаарал ауданына барған жұмыс сапары барысында азаматтардың арыз-өтініштері бойынша қоғамдық қабылдау өткізді. Қабылдауға келген аудан тұрғындары тарапынан Атақент кентіндегі стадион мен саябақты реконструкциялау, рұқсатсыз сатылып жатқан Психотроптық дәрілерге тоқтам қою, жұмысқа орналасу, аудан аумағынан әуесжай салу, ПУИД-2 бағдарламасы аясында салынған каналдардың сапасыз жұмыстары, дренаждарды іске қосу, Мырзакент мақта өңдеу зауытынан шығатын шаң, «Ауыл аманаты» жобасы аясында беріліп жатқан 2,5% несиесі, учаскелік жер телімдерін беру, медициналық нысандар салу, әлеуметтік сала, ауысу, елді мекендерді көгілдір отынмен қамту, техникалық қызметкерлердің еңбекақысын көтеру және «Асыл» елді мекен бағдарламасын Мақтаарал ауданына енгізіп беру бойынша мәселелер көтеріліп, сұрақтар қойылды. Парламент өкілі мәселе көтерген әрбір тұрғынды мұқият тыңдап, қойылған сұрақтар бойынша тиісті сала басшыларының жауабын қарады. Жергілікті жерде шешілетін мәселелерді дереу қолға алуды тапсырып, республикалық деңгейде шешілетін мәселелерді Парламент тәртібінде көтеретінін жеткізді. Одан соң мәжілісмендер Темір Базарбайұлы мен Нұрсұлтан Төлеуұлы Жетісай ауданында болып, Жетісай ауданының зиялы қауым өкілдерімен, ардагер ақсақалдармен және жергілікті мәслихат депутаттарымен кездесу өткізді.

Жыныға Түркістан облыстық мәслихатының ауданнан сайланған депутаттары мен аудан әкімі С.Мамытов та қатысты. Кездесу барысында фракция мүшелері аудандағы өзекті деп табылатын білім, денсаулық және аймақтағы экономикалық мәселелерді зерделеді. Зиялы қауым өкілдері тарапынан да Парламент Мәжілісі

депутаттарына бірқатар талап-тілек пен ұсыныс айтылды. Жиын соңында аудан ақсақалдары елдің ахуалын билік өкілдеріне жеткізуді ұсынды.

Мандат иелері Ф.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі жұмысымен және аудандағы белсенді жастармен жүздесті. Кездесу онтүстік өлкедегі педагогикалық мамандармен қамтамасыз ететін алғашқы қара шаңырақ білім ордасының ғимаратымен танысудан басталды. Колледж директоры Л.Баймаханова ұстаздардың, студенттердің білім деңгейін, жеткен жетістіктерін көрсетіп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Сонымен қатар колледж жатақханасы ғимаратын көрсетіп, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал жасауды өтінді. Еркін форматта өткен жастармен кездесу барысында жастар өздерінің бірқатар ұсыныс, тілектерін жеткізді.

#### ШАРУАЛАРҒА ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Ұласбек Сәдібеков Кентау қаласына жасаған жұмыс сапары барысында Карнақ ауылында қоғамдық қабылдау өткізіп, ауыл тұрғындарының сұраныстарына құлақ түрді, жергілікті әлеумет көтеріп жатқан өзекті мәселелерді зерделеді. Қабылдауға келіп, базанысын білдірген тұрғындар ауылдың тыныс-тіршілігін жайлы етуге қызмет ететін бірнеше мәселені көтеріп, олардың оң шешім табуына қолдау көрсетуді өтінді. Ауылдағы ағайын көтерген басты мәселелердің қатарында Карнақ ауылындағы үйлерді табиғи газ жүйелеріне қосу, аймақтағы ең негізгі ағын су арнасы – Бірмак өзенінің жағалауын бекіту, ежелгі дәуірлердің ізі қалған Карнақты туристік аймақ ретінде дамытуға күш біріктіру, егін шаруашылығына ыңғайлы осы аумақтан су жинайтын қосымша тоған салу өтініштері айтылды.

Карнақтық тұрғындар көтерген мәселелерді мұқият тыңдаған Ұласбек Сәдібеков ауылдардың инфрақұрылымын жанарту, шаруаларға жайлы жағдай жасауда іргелі жұмыстар қолға алынғанын мәлімдеді. Қала әкімдігіне бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырып, қордаланған мәселелерді шешуге толық мүмкіндік беретін ұсыныстар беруді жүктеді. Парламент Мәжілісі депутаттарының жұмыс сапары одан әрі қаладағы өндіріс орны мен қарқын артқан құрылыс аясында жалғасты. «АБН-Альянс» ЖШС-ның пластикалық құбырлар өндіретін цехы – инновацияға негізделген жана кәсіпорын. Кентаудың индустриалды аймағында 2020 жылы ашылған кәсіпорын жылына 6 мың тонна пластикалық құбырлар мен 1,4 мың тонна гофра құбырларын шығарады. Цехта 35 адам тұрақты жұмыспен

қамтылған. Өндірістік аймақта Кентау қаласының әкімі Жандос Тасов кеншілер қаласының бүгінгі өндірістік әлеуеті жөнінде мағлұмат берді.

Сондай-ақ осы сапары барысында Ұласбек Сәдібековтың 5 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылыс аясында болып, қала аумағында тұрғын үй құрылысы саласында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Қала әкімдігінің тапсырысымен қолға алынған бұл үйлер баспана кезегінде тұрған әртүрлі әлеуметтік санатқа жататын отбасыларға берілетін болады.

Қайта құрылымдау жұмыстары ерекше бақылауға алынған маңызды нысан – «Кентау Сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының №5 Жылуэнергорталығы. Облысқа келген мәжіліс депутаттары қатан қадағалауға алынған энергоснабғын жөндеу жұмыстарының барысын зерделеу үшін Кентау қаласына арнайы барды. Партияның Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасына енген нысандағы реконструкциялау жұмыстарының барысын Парламент өкілдеріне Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды айтты берді. Бұл бағытта Кентау қаласы әкімдігінің атқарып жатқан жұмыстары жөнінде қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Төлепов жеткізді. Мәжіліс депутаттары кәсіпорынды аралап, 2023-2024 жылдардағы жылу маусымына дайындығы барысындағы ағымдағы жөндеу жұмыстарының атқарылуын қадағалады.

Айта кету керек, Кентау қаласындағы №5 ЖЭО-ның қазандықтарын, жылу жүйелерін және қосалқы қондырғыларын қайта құру жұмыстарының металдық құны 13 701,1 млн теңге болып бекітілген. Құрылыс-монтаж жұмыстарына мердігер мекеме ретінде «ЭМ-Холдинг» ЖШС, техникалық қадағалаушы ұйым ретінде Отау Construction ЖШС анықталып, келісімшарт түзілген. Бүгінге дейін жөндеу жұмыстарына 11,8 млрд теңге қаралып, қазандықтардың құрылыс-монтаж жұмыстары қолға алынған. Қала тұрғындарын жылумен қамтуда кәсіпорынның 8 жылу қазандығын, подстансасын, 21 шақырым – магистралды және 81 шақырым – ішкі орамдық жылу құбырларын қайта құру жұмыстарын екі кезеңде іске асыру көзделген. Оның бірінші кезеңі бойынша 6,6 шақырымды құрайтын магистралды жылу жүйелерін және 4 кері сорғы стансаларын қайта құру жұмыстарына 4 431,8 млн теңге қаралған. Мердігер мекеме «Ер-Мад» ЖШС-мен құрылыс-монтаждау жұмыстары басталып, 4,7 шақырым құбырларды бөлшектеу (демонтаж) жұмыстары атқарылған. Мердігер ұйым тарапынан 6,6 шақырым құбырларға монтаждау жұмыстары жүр-

гізіліп, кері сорғы стансаларының қайта құру жұмыстары қолға алынған. Жоспарланған жұмыстарға техникалық қадағалаушы мекеме ретінде TN KZ ЖШС бекітілген.

Екінші кезеңде 14,5 шақырым магистралды жылу құбырларын қайта құру жұмыстары бойынша жобалау сметалық құжаттамалары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына мердігер ұйым ретінде KazIntel ЖШС-мен келісімшарт түзілген. Жоспарланған жұмыстардың жалпы құны 7,6 млрд теңгені құрайды.

#### ОРАНҒАЙДАҒЫ ОНАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыру, инклюзивтік орта құру міндеті – әділдік қағидаттарына негізделген әлеуметтік реформалардың басты шарты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлт саулығын қамтуға қоғамның орнықты дамуының негізгі көрсеткіші деп бағалады. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сапасын жақсарту жұмысы партияның басты басымдықтарының бірі саналатынын атап көрсеткен-ді.

Бұл бағытта қосбасшы партияның 2023-2027 жылға дейінгі «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында денсаулық сақтау, медицина және халықты әлеуметтік қолдау саласындағы нақтылы индикаторлар белгіленіп, олардың іске асырылуы партия өкілдерінің тұрақты назарына алынған. Сайлауалды бағдарламаны Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасының маңызды тармағы ретінде Сауран ауданы Оранғай елді мекеніндегі мүмкіндігі шектеулі ересек тұрғындарға арналған оналту орталығының құрылысы енгізілген. Жоба бойынша, мұнда бір мезетте 200 пациент қажетті ем процедураларын алып, оналту шараларымен қамтылмақ. Айта кету керек, Түркістан қаласының іргесінде салынған бұл нысан тұрғындардың сапалы арнаулы әлеуметтік қызметтер алуына мүмкіндік жасап, олардың денсаулық ахуалын жақсартуға көмегін тигізеді. Құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталу сатысына келіп жеткен нысанның дайындығын көруге Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, партиялық фракция өкілдері Қайрат Балабиев, Нұрсұлтан Байтілісов, Темір Қырықбаев, Ұласбек Сәдібеков арнайы келді.

Нысанның техникалық дайындығы, оның құрылысы барысында болған түйткілді мәселелер, партиялық қадағалау және ұйымдастыру жұмыстарының барысын қадағалады. Мәжіліс депутаттары ғимарат дайындығын бағалау барысында су процедураларымен ем жүргізуге қажетті бассейнді техникалық жағдайына сын-ескертпелерін айтты. Мұнда суды қалыпты температурада ұстау мәселесі назардан тыс қалғанын ескертіп, бассейнді табыны мен ернеулері керамикалық плиткалармен қаптау керектігіне көңіл бөлді. «Партияның сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан оналту орталығы 2023 жылдың желтоқсан айында бітуі тиіс болатын. Құрылыс созылып кеткен. Біз бүгін мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оналту орталығы құрылысымен танысуға келдік. Бірқатар кемшілікті көріп, ескертпе жасадық. Бассейні, спортзалы, моншасы дайын емес. Аталған кемшіліктерді тез арада жоюға нұсқау берілді. Өзірге нысанды қабылдамай тұру жөнінде ескертілді», – деп атап өтті Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиев.

Арнайы ғимараттың ашылуын асыға күтіп жүрген ерекше қажеттілігі бар азаматтың қатары көп. Соның ішінде Сауран ауданы Қарашық ауылы Құмтінін елді мекенінің тұрғыны Жақсықұл Истамқұлова денсаулық жағдайына байланысты екінші топтағы мүгедек болып танылған. Жылына кемі екі мәрте дәрігерлердің қабылдауында болып, оналту шараларынан өтуге мәжбүр. Бірнеше перзентін дүниеге әкелген ғазиз ана қажетті емің алу үшін бірнеше жылдан бері Шымкентке қатынап жүргенін айтады. Енді ұзақ жол жүру қиындығы арта қалғанына шын қуанышты екенін білдірді.

Түркістан облысы

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА ЖАҢА СЕРПІЛІС

Ауыл шаруашылығы саласында техника ахуалы жақсармақ. Атап айтқанда, еліміздегі агроөнеркәсіп кешені субъектілерін ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы Холдингі» АҚ АӨК субъектілері үшін «ҚазАгроКаржы» АҚ арқылы жана жеңілдікті лизинг бағдарламасын іске қосты.

Еске сала кетсек, ағымдағы жылдың 26 наурызында өткен Үкімет отырысында Премьер-Министр Олжас Бектенов ауыл шаруашылығы техникасы паркінің жай-күйін саралап, бүгінгі күнде тозығы жеткен техниканың деңгейі 75%-ға жеткендігін айтты.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «ҚазАгроКаржы» АҚ арқылы жана жеңілдетілген



БАЙТЕРЕК



КАЗАГРОФИНАНС

лизинг бағдарламасын іске қосты. Осылай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы техника паркінің жыл сайын 8-10 пайызға жанарту жөніндегі тапсырмасы қолға алынды. Жана бағдарлама елімізде өндіріліп/құрастырылған отандық ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыруға бағытталған.

«Елімізде бірінші рет 5% мөлшерлесімен ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу мүмкіндігі беріліп отыр. Бұл фермерлер үшін өздерінің ауыл шаруашылығы техникалық паркінің жанартуға берілген зор мүмкіндік. Сол себепті бұл

бағдарлама үлкен сұранысқа ие болатынына сенімдімін», – деді «ҚазАгроКаржы» АҚ басқарма төрағасы Айдар Пращев.

Жеңілдетілген лизинг агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне отандық ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін жылдық 5% мөлшерлесі бойынша 7 жылға дейінгі мерзімге ұсынылады.

Ағымдағы жылдың 17 маусымында «ҚазАгроКаржы» АҚ-ның барлық өндіріс филиалдарында жана бағдарлама бойынша өтініштер қабылдау науқаны басталды.

Бүгінгі таңда аталмыш бағдарлама бойынша 3000-нан аса өтініш қабылданып, 22,1 млрд теңгеге 1000 бірлік техниканы сатып алу мақсатында шарт жасалынды. Ең көп өтініш мақұлданған аймақтар Ақмола облысы – 4,7 млрд теңгеге, 88 бірлік техника, Солтүстік Қазақстан облысы – 3,1 млрд теңгеге 53 бірлік техника, 2,6 млрд теңгеге Қостанай облысы – 56

бірлік техника, Жетісу облысы – 1,6 млрд теңгеге 82 бірлік техника, Шымкент пен Түркістан – 1,7 млрд теңгеге 146 бірлік техника. Фермерлер қол жеткізген техникалардың басым түрі – трактор, комбайн, орақ, пресс-жинағыш және тиегіш.

Жалпы жыл басынан бері «ҚазАгроКаржы» АҚ жүзеге асырып отырған бағдарламалар аясында 80 млрд теңгеге 5000-нан аса бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

Мемлекет басшысының 2024-2028 жылдарға арналған ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемін ұлғайтуға бағытталған тапсырмасын орындау жөніндегі Жол картасына сәйкес 2024 жылы ауыл шаруашылығы техникасын жанарту жоспары 6,1% болуы тиіс. Бұл мақсатты жүзеге асыру аясында «ҚазАгроКаржы» АҚ үлкен жетістіктерге жетеу ұмтылыс жасайды. Сол себепті қоғамның алда атқарар жұмысы орасан.

Дана АЛДАНҚЫЗЫ

2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңы 25-бабының 10-тармағына сәйкес «Астана су арнасы» МКК тұрғындарды, кәсіпорындарды және ұйымдарды тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға реттеліп көрсетілген қызметтерін көрсету жөніндегі жыл сайынғы есеп беру өткізілетіндігін хабарлайды.

**Субъектінің атауы:** «Астана су арнасы» МКК.

**Есептік кезең:** 2024 жылдың 1-ші жарты жылдығы.

**Жыл сайынғы есептің өткізілетін уақыты және орны:** 2024 жылғы 31 шілдедегі сағат 15:00-де, Астана қаласы, Абай даңғылы 103 (акт залы және онлайн-конференция тәртіптемесі).

**Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері:** сумен жабдықтау және кәріздендіру.





## ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ: 80 спортшы сынға түседі



10 күннен соң Париж Олимпиадасы басталады. Бүгінге дейін Олимпиадаға іріктеу турнирлері мен жарыс қарсаңындағы әлемдік додалар тегіс аяқталды. Қазақстан құрамасының еншісінде 92 жолдама бар. Еліміздің атынан спорттың 25 түрінен 80 атлет бақ сынады. Бұл – тәуелсіздік алғалы бері жазғы ойындарға қатысатын ең аз делегация. «Айқын» тілшісі жазғы Олимпиадаға жасақталған Қазақстан құрамасы туралы қызықты деректерді назарларыңызға ұсынады.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері жеті жазғы ойындарға қатысты. Париждегі бәсеке біздің спортшылар қатысатын сегізінші Олимпиада болмақ. Осы уақыт аралығында Франция астанасына Қазақстан ең аз құраммен бара жатыр. Парижде 80 спортшымыз ғана бақ сынады. Бұл бұрынғы Олимпиадалармен салыстырғанда өте аз. КСРО құрамынан бөлінгеннен кейінгі бірінші жазғы ойындар – Атланта Олимпиадасына қатысқан құрам бұдан көп, 96 спортшы. Сиднейде – 130, Афинада – 119, Бейжіңде – 132, Лондонда – 115, Риода – 104, Токиода 93 спортшы ел намысын қорғады. Байқасандар, 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасынан кейін қатысушы спортшылар саны күрт төмендей бастаған. Токиодағы сәтсіздіктен соң біздің команда реттеледі деген болжам болған. Бірақ үш жыл – үлкен спорт үшін өте аз уақыт. Жылдар бойы жақсармаған жүйе бір олимпиадалық циклге жетер-жетпес аралықта гүлденіп кетпейді.

Париж Олимпиадасына ең көп спортшы жіберетін өңірлер де анықталды. Төртжылдық додасында Астана, Алматы және Шымкентті қоса есептегенде 35 спортшы бақ сынады. Ал қалған облыстар 45 атлетті үкілеп жарысқа қоспақшы.

Бір қызығы, Маңғыстау, Қостанай және Ұлытау облыстарынан бірде-бір спортшы Олимпиадаға бармайды. Өңірден шыққан спортшылар әлемдік жарысқа жолдама алуға қабілетсіз боп шықты.



Қазақстан спортшылары арасынан Париж Олимпиадасының ең алғашқы жолдамасын мерген Ислам Сәтпаев жеңіп алды. Нысана көздеу шебері Әзербайжанның Баку қаласында өткен лицензиялық әлем чемпионатында үздік төрткікке енген болатын.

Содан бері қазақстандық спортшылар әлемдік және құрлықтық іріктеу турнирлеріне қатысып, Париждегі жазғы ойындардың жолдамасына таласты. Бірде спортшыларымыз мерейімізді асырса, енді бірде атлеттерімізге сәттілік жетпей жатты.

Олимпиада ойындарының квотасы негізінен әлем чемпионаттары мен құрлықтық, әлемдік іріктеу турнирлерінде және әлемдік рейтинг қорытындысы бойынша таратылды. Боксшылар мен қазіргі бессайыс шеберлері арасындағы жолдама Ханчжоудағы Азия ойындарында үлестіріле бастады. Жазғы Азия ойындарында Камшыбек Қоңқабаев (+92 келі) пен Карина Ибрагимова (57 келі) лицензия мәселесін шешіп алған болатын.

Әлем чемпионаттарында жолдама жеңіп алғандар қатарында спорттық гимнастика өкілі Милад Карими, еркін күрес шеберлері Азамат Дәулетбеков пен Мейрамбек Қартбай және грек-рим күресінің өкілі Нұрсұлтан Тұрсынов, нысана көздеуші мерген Ислам Сәтпаев бар. Карими 2023 жылы Бельгияның Антверпен қаласында өткен әлемдік долада еркін бағдарламадан қола жүлдегер атанып, көпсайыстан 5-орынға табан тіреді. Ал Дәулетбеков, Қартбай және Тұрсынов Сербияның Белград қаласындағы әлемдік сында лицензияға иелік етті.

Сондай-ақ бірқатар спортшылар құрлықтық іріктеу турнирлері мен әлемдік рейтинг қорытындысы бойынша Париж билетін қалтаға басты.

Париж Олимпиадасында 54 қазақстандық спортшы алғашқы Олимпиадасына қатысады. 21 атлет өз мансабындағы екінші жазғы ойындарға аттанбақ. Олимпиадаға үшінші және төртінші рет қатысатын спортшылар да жоқ емес. Мәселен, дзюдошы Елдос Сметов пен қазіргі бессайыс шебері Елена Потепенко және үстел теннисінің өкілі Кирилл Герасименко өздерінің үшінші Олимпиадасына жол тартады. Сметов Риода күміс, Токиода қола жүлдегер атанғаны жанкүйер есінде. Ал Потепенко мен Герасименкоға ірі жарыстан жүлде бұйырар емес.

Олимпиадалық құрамада жазғы ойындарға төртінші рет қатысатын екі спортшы бар. Олар – Ольга Сафронова (жеңіл атлетика) мен Владислав Яковлев (академиялық есу). Сафронова алғаш рет 2012 жылғы Лондон Олимпиадасында бақ сынаған. Ол биыл Асланбек Шымбергеновпен бірге Қазақстан құрамасының туын ұстаушы болып бекітілді. Яковлев болса, академиялық есуден ел намысын қорғайтын жалғыз спортшы.

• Бокстан Қазақстан ерлер құрамасы Олимпиадаға толық құрамда барады.

• Бокстан Қазақстан әйелдер құрамасы тұңғыш рет жазғы ойындарға үш спортшыны апарды.

• Брейкинг пен бадминтоннан Қазақстан тұңғыш рет Олимпиада жолдамасын иеленді. Брейкингтен Амир Закиров, бадминтоннан Дмитрий Панарин ел намысын қорғайды.

• Әйелдер күресінен Қазақстан командасы тарихта тұңғыш рет Олимпиададан сырт қалды.

• Семсерлесуден Қазақстан құрамасы тарихта тұңғыш рет командалық жарыста бақ сынады.

• Қазақстан тұңғыш рет гимнастиканың үш түрінен (батуттық, спорттық және көркем) жазғы Олимпиадада сынға түседі.

• Нысана көздеуден Қазақстан командасы тұңғыш рет алты спортшыны Олимпиадаға апарды.

Парижге аттанатын олимпиадашыларды шығарып салу рәсімі 17 шілдеге белгіленген.

Арда КЕМЕЛ

## Испания – чемпион

Спорт демекші, футболсүйер қауымның назары соңғы бір айда Еуропаға ауған еді. Енді міне, Германиядағы теңбіл доп мерекесі мәресіне жетті. Испания төртінші мәрте Еуропа чемпионы атанып, құрлықтық доданың рекордын жаңартты.

Германия төрінде бір айға созылған аладоп аламан аяқталды. Финалда Англия және Испания құрамалары кездесіп, соңғысы 2:1 есебімен басым түсті. Барлық гол екінші таймда соғылды. 47-минутта Испания сапындағы Нико Уильямс қарсыластар қақпасының осал тұсын тауып, командасын алға шығарған. 73-минутта Коул Палмер таразы басын тенестірді. Ал Микель Оярсабаль 87-минутта мергендігімен көзге түсіп, матч тағдырын овертаймға жеткізбей шешіп тастады. Осылайша, Испания құрамасы Еуропаның 4 дүркін чемпионы болды. Бұл – өзіндік рекорд. Бұған қоса, құрлықтық додада қатарынан 7 матч

жеңіске жеткен алғашқы команда атанды. Ал Еуропа чемпионатының ең үздік ойыншысы атағы Испания жартылай қорғаушысы Родриге бұйырса, оның командаласы Ламин Ямаль ең үздік жас ойыншы сыйлығына ие болды.

Англия құрамасы болса, керісінше, антирекордтар тіркеді. Мәселен, ағылшындар бүгінге дейін Еуропа чемпионатын бірде-бір рет ұтып көрмеген. Ал жаттықтырушысы Гарет Саутгейт Еуропа чемпионатының финалына қатарынан екі рет шығып, екеуінде де жеңілген алғашқы бапкер деген атаққа ие болды.



## Қазақ армиясының жүлдесі

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер Достық әскерлері әскери қызметшілерінің XVI Спартакиадасы аясында армиялық қоян-қолтық ұрыстан Қырғызстанда өткен чемпионат қазақстандықтардың жеңісімен аяқталды.

Оған тоғыз салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның әскери қызметшілері қатысты. Армиялық қоян-қолтық ұрыстан чемпионат қорытындысы бойынша командалық есепте Қазақстан құрамасы жеңіске жетті. Ресей күміс, Қырғызстан қола жүлдегер атанды.

– Қоян-қолтық ұрыс әскери қызметшілердің күш-қуатын шындап, бәсекелестік рухын арттырады. Сонымен бірге жарысқа қатысушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтады. Мұндай жарыстар спортшыларға қарсыластарының күшті әрі әлсіз жақтарын көруге, қажетті тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Қорғаныс министрлігі

Спорт комитетінің төрағасы ОСК бастығы полковник Арман Әбеуов.

Жеке есепте 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сержант Жандос Мадехянов, 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде майор Арман Шәкіртов, 65 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде 3-сыныпты сержант Әли Баттал, 70 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сержант Олжас Ержан чемпион атанды.

Сондай-ақ объективті төрешілік пен спорттық қағидаттарды мүлтіксіз орындағаны үшін Қорғаныс министрлігі ОСК офицері аға лейтенант Нұрбол Саябаев «Үздік төреші» номинациясына ие болды.



## Ерекше форматтағы футбол

Құрылыс саласының мамандары демалыс күндерін жасыл алаңда өткізді. Астанада алғаш рет футболдан ерекше форматтағы жарыс ұйымдастырылды.

Оған қарапайым кірпіш қалаушылардан бастап, ірі компаниялардың басшыларына дейін жиналды. Басаяғы 16 команда қатысты. Олар 4 топқа бөлініп, алдымен іріктеу кезеңін өткізді. Одан кейін плей-офф кезеңі, ширек финал, жартылай финал және финалдық матчтар болды. Жарыстың барысында кәсіпқой төрешілер қызмет

етті. Бұған қоса, кездесулердің көрсетілімі әлеуметтік желілерде тікелей эфирде таратылды. Әуесқой аяқдопшылар арасындағы турнир енді алдағы жылдары дәстүрлі түрде қолға алынбақ. Сәйкесінше, қатысушылардың саны мен жарыстың ауқымын ұлғайту да жоспарда бар.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретарият меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзап АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫБАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Нәзгу НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНУЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БОЛМІ:**  
8(7171) 675-42-14, 8(71712) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМІ:**  
8(7171) 804-41-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газетті аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тел. №8471  
Астана қ., «Медиа-Холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.